

**А.Райымбергенов
С.Райымбергенова
Ұ.Байбосынова**

МУЗЫКА

«Мұрагер» бағдарламасы бойынша

**Жалпы білім беретін мектептің
4-сыныбына арналған оқулық**

Алматы

2011

Балақай!

**Сен жаңа «Музыка» оқулығының бетін ашқалы
отырсың!**

**Ол саған қазақтың ән және күй дәстүрін ХХ ғасырға дейін
сақтап, бізге жеткізген ұлы орындаушылар туралы
баяндап береді!**

**Бізге дейін жеткен ән-күйлер жаңа заманға лайықты
жаңаша өмір сүруде. Қазақтың көне ән-күйлерін жеткізген
ұлы ұстаздар. Ал ұлы ұстаздар дәстүрі бүгінгі заман
шәкірттерімен жалғасын тапқан.**

**Халық композиторларының ән – күйлері заманға лайық
дамып, қазіргі халық аспаптар оркестрлері мен
ансамбльдердің репертуарына енеді. Сөйтіп ұлттық
аспаптар жаңаша жаңғыра түседі.**

**Түркі халықтарының көне музыкалық аспаптарымен
кеңінен танысасың. Қазақ, түркі және шығыс
халықтарының аспаптарымен және олардың ортақ
тұстары мен туыстастығын ажырата білесің. Ежелгі
аспаптардың пайда болуы жайлы ғажап аңыз-шежірелерін
тыңдайсың.**

**Бұл оқулықпен бірге өмірдің әнмен сабақталып, өнермен
өрнектеліп жатқан тұстарына назар аударасың. Өмірде,
қоршаған ортада, мектепте түрлі атаулы күндерге арналған
әндермен танысып, ол әндерді орындап үйренесің.**

Осы жолға саған сәт сапар тілейміз!

ҚАЗІРГІ ЗАМАНДАҒЫ ҚАЗАҚ МУЗЫКА ӨНЕРІ

Ғасырлар бойы әнші-күйшілер өз өнерің шәкірттеріне үйретіп, кейінгі ұрпаққа қалдырып отырған.



Қазіргі кезде оқушылар домбыраны мектеп қабырғасында ұстаздарынан үйреніп, ансамбльдер мен оркестрлерде орындайды.



I ТОҚСАН

ҰЛЫ ҰСТАЗДАР КӨШІ

КҮЙ ДӘСТҮРІНІҢ ШЕЖІРЕШІСІ – ҚАЛИ ЖАНТІЛЕУОВ



Құрманғазының көптеген шәкірттері болды. Олардың ішінде ең атақтылары Дина мен Мамен еді.


XX-ғасырдың басында қазіргі Орал облысында оларға тең келетін күйші жоқ болатын. Дина мен Мәмен жәрменкеде кездесіп, күй тартысады. Бұл тартысты көруге бала Қали да барады. Екі ұлы күйшінің тартысы Қалиды таң қалдырады. Есейе келе Қали Құрманғазының атақты шәкірті Мәменді іздеп барады. Қасына ертіп жүріп Құрманғазының көптеген күйлерін үйренеді.

Құрманғазы атындағы оркестр құрылған кезде, республиканың әр жерінен Алматыға ең мықты домбырашылар шақыртылады. ***Сөйтіп, Батыс өңірінің күйшілік дәстүрін*** жалғастырушы Қали Жантілеуов 1932 жылы Құрманғазының көптеген күйлерін Алматыға алып келеді. Құрманғазының шоқтығы биік «Адай», «Ақбай», «Серпер» сияқты күйлері Қали ағамыздың орындауынан Құрманғазы оркестрінің репертуарына енгізіледі.

Қали өзінің соңына көптеген шәкірттерін тәрбиелеген ***ұлы ұстаз***. Қалидың шәкірттері Қаршыға Ахмедияров, Шәміл Әбілтаев, Тұяқ Шамелов, Абдулхамит Райымбергенов, Айтжан Тоқтағанов сынды елімізге танымал орындаушылар күй дәстүрін бүгінгі ұрпаққа үйретіп жалғастырып келеді.

Қзақ халқының әндері мен күйлері ұлы орындаушылардың соңынан ерген шәкірттері арқылы сақталып жеткен.

Күйдің әңгіме желісіне құлақ түрелік:



Құрманғазының «Адай» күйі жайлы Қали ақсақал былай деп баяндайды: «Бірде Құрманғазы жолаушылап келе жатып бір адайдың үйіне түседі. Үй ішінде шал мен кемпір болады. Құрманғазы аты-жөнін айтпай, құдайы қонақ едім деп сыпайы ғана отыра береді. Бір кезде Құрманғазының көзі керегенің басында ілулі тұрған үкілі домбыраға түседі. Құрманғазы домбыраның үкісіне қарап, оның иесі қыз екенін біледі. Бір уақытта үйге 17 жасар қыз кіреді. Қыздың аты Ақмаңдай екен. Ол үйге келісімен отырған қонаққа қарамай, бірден керегенің басындағы

домбырасын алып, бір күй тартады. Күйді аяғына дейін тыңдаған Құрманғазы, қызға қарап: «Шырағым, күйдің нашарын тарттың ғой. Домбыранды бері әкелші», - дейді. Құрманғазының бұл сөзіне кемпір мен шал аң-таң болады. Сонда шал: «Бұл өңірде Ақмандайдың домбыра тартысына ешкім бір ауыз сөз айтып көрген жоқ еді ғой», - дейді. Қыз домбырасын қонағына береді. Құрманғазы қолына домбырасын алып, жаңа бір күйді тартып жібереді. Күй аяқталған соң үй иесі Құрманғазыға күлімдей қарап: «Шырағым, күй тартысың тым бөлек екен. Атақты Құрманғазының өзі емессің бе? Өзін көрмесек те атағын көп естуші едік», - дейді. Сонда Құрманғазы: «Болсақ болармыз», - деген екен. Сондағы Құрманғазының Ақмандай деген адайдың қызына арнап тартқан күйі ел арасына «Адай» деген атпен таралып кетеді.

Қазақстанға ең танымал Құрманғазының «Адай» күйі Қали ақсақалдың орындауында бізге дейін жетті!

Күй тыңдау!

Құрманғазының «Адай» күйі қазаққа ең танымал күйлердің бірі. Бұл күйді халық аспаптар оркестрі мен көптеген фольклорлық ансамбльдердің орындауында тыңдай аламыз. Әсіресе күйдің күдіреті халық аспаптар оркестрінің орындауында тіпті ашыла түскендей болды. Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрі «Адай» күйін әлемнің көп мемлекеттерінде орындап келеді. Атап айтар болсақ Италия, Франция, Жапония, Америка т.б. мемлекеттерде Құрманғазының «Адай», «Сарыарқа»

сынды күйлерімен әлем халықтарын таңдандырып келеді.

Көптеген музыканттар түрлі музыкалық сайыстарда «Адай» күйін арнайы таңдап алып тартып жатады. Бұл күй өзінің екпінді шабытымен барлығын жеңіске де жеткізіп жатады. Анатолий Гайсин «Адай» күйін баян аспабында орындап халықаралық сайыста жеңіске жетеді. Ал «Ұлытау» тобы болса Американың Голливуд қаласында өткен дүние жүзілік сайыста «Адай» күйін орындап бас жүлдені жеңіп алады.



«Ұлытау» тобы

Сөздік:

1. **Шежіреші** - көне көз, көп білетін білгір.
2. **Тартыс** – Екі домбырашының бір-бірімен күй жарысы.

Сұрақтар:

- Қалидің ұстаздары кім болды?
- Қали Жантілеуов кімнің күйлерін жеткізді?
- Қали ақсақал Құрманғазының «Адай» күйі жайлы не деп баяндайды?

- Тартыс дегенді қалай түсінесің?
Құрманғазының басқа қандай күйлерін білесің?

Тапсырма:

1. Күй дәстүрінің шежірешісі –Қали Жантілеуов жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Жаяу Мұса «Ақ сиса» әнінің бастапқы буынын қайтала.

ӘН ӨНЕРІНІҢ КЕРЕМЕТІН ПАШ ЕТКЕН

—

МАНАРБЕК ЕРЖАНОВ



Атақты әнші Манарбек Ержанов ХХ ғасырдың басында қазіргі Қарағанды облысында дүниеген

келген. Өзінің туып өскен ортасы *Арқа өңірінің әншілік дәстүрін* бойына сіңіріп өскен Манарбек жастайынан – ақ домбыраға үйір болады. Ол ауылдағы Күсенбай деген күйшіден домбыра тартуды үйренеді. Ол тек күйге ғана емес, әнге де құмар болады. Ол 5 жасында әнші бала атанады. Бертін келе атақты жезтаңдай әнші Әміре Қашаубаевтың ізіне еріп шәкірт болады.

Манарбек **Жаяу Мұса, Ақан сері, Біржан** сал әндерін нақышын бұзбай бізге дейін жеткізген ұлы орындаушы. Манарбек тек қана орындаушы емес, өз жанынан көптеген әндер мен күйлер шығарған композитор.

Манарбек тек дәстүрлі әндерді орындаумен қатар театрда актерлік шеберлігімен де танылады. Ол 1936 жылы Мәскеуде өткен декаданың ашылуына қойылған „Қыз Жібек” операсында Шегенің ролін сомдайды. Манарбек өзінің асқан шебер орындаушылығымен халықтың зор ілтипатына бөленеді. Оның өнеріне таңданған тыңдарман: „Қазақтың кең даласының бар кереметін көшіріп әкелгендей болды ғой” деген жоғары бағасын береді.

Манарбектің орындауында көптеген әндер сақталып, бүгінгі орындаушыларға үлгі болды.

Әннің әңгіме желісіне құлақ түрелік:



Жаяу Мұсаның “Ақ сиса” әні Манарбектің орындауында кеңінен танымал болды. Манарбек Жаяу Мұсаның “Ақ сиса” әні туралы былай деп әңгімелейді: Мұсаның жаяу атануының себебі бар еді. Мұсаның мініп жүретін жалғыз аты болады. Сол атына мініп ел аралап, халыққа өнерін жайып жүреді. Мұсаның беделі халыққа арта түседі. Барлық атақ-абыройды басынан асырғысы келмейтін бай Шорман тұқымдарына ұнамайды. Бір күні Шорманның баласы Мұстафа Мұсаның жалғыз атын тартып алып, ерін арқалатып, жүгенін қолына беріп жібереді. Шорманның тұқымына қарсы келетін күші жоқ, Мұса амалы жоқ бұрынғы аралаған ауылдарын жаяу

кезеді. Шорманның Мұстафасы бұл әрекетімен Мұсаның жігерін басып, сағын сындырмақшы болады. Бірақ Мұса бұл іске мойымай, Шорманның Мұстафасының бұл әрекетін әнге қосып:

Ақ сиса, қызыл сиса, сиса-сиса!
Қалмайды кімдер жаяу зорлық қылса
Шорманның Мұстафасы атымды алып,
Атандым сол себепті Жаяу Мұса.

Жаныма батқандықтан ашынамын,
Мен неге жаяумын деп басыламын,
Малым жоқ Шорман айдап алатұғын
Қылығын Мұстафаның паш қыламын,
- деп, ел арасында айтып жүреді. Бұл ән ел арасында
“Ақ сиса” деген атпен тез таралып кетеді.

Ән тыңдау!



Жаяу Мұсаның «Ақ сиса» әні басқа әндерден ерекшеленіп тұрады. Бұл ән Жаяу Мұсаның ашуға толы келбетін айқын көрсетіп тұрады. Өте екпінді, көңілдің ызасы әннің жоғарғы дыбыста айтылатын әуенінен байқауға болады.

Бұл ән әншінің шебер орындаушылық қабілетін талап етеді. Жаяу Мұсаның «Ақ сиса» әнін ең мықты деген қазақтың жез таңдай әншілері орындап жеткізген. Олар: Әміре Қашаубаев, Манарбек

Ержанов болса, қазіргі таңда атақты опера әншісі
Ғафиз Есімов орындап жүр.

Манарбек Ержанов пен
Ғафиз Есімовтың
орындауында „Ақ сиса”
әнін тыңдап көрелік.

Біліп ал!

Жаяу Мұса Байжанұлы (1835-1929) Павлодар облысы Баянаул ауданында дүниеге келген. Жаяу Мұса өмірінің қиындығына қарамастан өте ақ жарқын көңілі кең адам болған. Өмірі мен тағдырына мұңаймаған Жаяу Мұсаның әндері жеңіл әрі әзілге толы болды. Жаяу Мұса өзінің асқан әншілігімен қатар орыс тілін жақсы меңгеріп, скрипка мен балалайкада ойнай алған.

Сұрақтар:

- Манарбектің ұстаздары кім?
- Манарбек кімдердің әндерін бізге жеткізді?
- Манарбек „Қыз Жібек” операсында кімнің ролін сомдады?
- Манарбек Жаяу Мұсаның “Ақ сиса” әні туралы не деп әңгімелейді?
- Не себепті атақты Мұса „жаяу” атанып кетеді?
- Неге Жаяу Мұсаның астындағы атын тартып алады?
- Жаяу Мұса Мұстафаның бұл әрекетіне қалай жауап береді?
- „Ақ сиса” әнін кім дер орындап жеткізген?

Тапсырма:

1. Ән өнерінің кереметін паш еткен – Манарбек Ержанов жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Жаяу Мұса «Ақ сиса» әнінің үйренген буынын қайтала.

ӘНШІЛІК ӨНЕРДІҢ ХАС ШЕБЕРІ - ЖҮСІПБЕК ЕЛЕБЕКОВ



Жүсіпбек Елебеков Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында 1904 жылы дүниеге келген. Жүсіпбектің әкесі Елебек жас кезінде ән салып, күй тартқан. Жүсіпбек те

жастайынан өнерге үйір болады. Ол ән айтуды сол өңірге атағы шыққан Жақыпбек әншіден үйренеді. Жүсіпбек он жасынан бастап әнші бала атанады. Ол жиын-тойдың көркіне айналады. Бертін келе Жүсіпбек атақты әнші Әміренің ізіне еріп жүріп әншілік шеберлігін шыңдайды. Атақты Әміре Қашаубаев өзінің шәкіртіне «Менің өнерімді жалғастырған Жүсіпбектен асқан әншіні естіген емеспін» - деп сенім артып, батасын беріп, домбырасын ұстатып кеткен екен.

Жүсіпбек - **Мәди, Ақан сері, Біржан сал, Балуан шолақ** - сынды халық композиторларының әндерін сақтап бізге жеткізді. Сонымен қатар Абайдың көптеген әндерін асқан шеберлікпен орындаған. Жүсіпбек те өзінен бұрын өткен *Арқа өңірінің әншілік, ақындық дәстүрін* жалғастырған ғажайып қайталанбас әнші.

Жүсіпбек тек әншілік қырынан ғана танылып қоймай актерлік те шеберлігін драмалық және опералық қойылымдарда кейіпкерлер бейнесін жасаған. 1936 жылы Мәскеуде өткен декадада «Қыз Жібек» операсында Төлеген ролін сомдайды.

Жүсіпбек Елебеков көптеген шәкірттер тәрбиелеген **ұлы ұстаз**. Жүсіпбектің шәкірттері Мәдениет Ешекеев, Жәнібек Кәрменов, Қайрат Байбосынов сынды қазаққа танымал әншілер. Олар Жүсіпбек Елебековтың орындаушылық ерекшелігін бүгінгі ұрпаққа үйретуші **ұстаз-орындаушылар**.

Әннің әңгіме желісіне құлақ түрелік:

Қарқаралыға аты шыққан Мәдидің әндерін аса шеберлікпен орындайтын. Жүсіпбек Мәдидің “Қарқаралысы” туралы былай дейді: “Үш жүзге аты шыққан Мәди өмірінде көп қиындық көрген. Мәдиге

өзінің туысы бай Қақабай көп ауыртпалық түсіреді”.
Өйткені Қақабайдың болыстық атақ-даңқы емес,
Мәдидің абыройы ел арасына арта түседі. Мәдидің
әншілік атағының ел арасына арта түсуін, Қақабай
қызғанышпен көре алмайды. Бір күні ел аралап кеткен
Мәдидің жоғын пайдаланып, бай шабармандарын
жұмсап: “Барып Мәдидің қыстауын өртеп жіберіндер.
Қайтып оралмайтындай болсын”, - деп бұйырады.
Қақабайдың шабармандары барып Мәдидің үйін
өртеп жібереді. Мәди ел аралап ауылына келсе
қыстауының түк қалмай өртеніп кеткенін көреді.
Сонда Мәди: “Бұл жолы Қақабай қорлығын өткізіп
жіберді-ау. Бірақ мені сүйетін елім аман болсын. Мен
де есемді жібермеспін”, - деп Қақабайдың
жылқыларының ішінен бір жүйрік атты алып қашады.
Мұны пайдаланған Қақабай Мәдиді ат ұрлаушы деп
түрмеге жабады. Ел аралап халықтың еркесіне
айналған Мәдиге бұл ауыр түседі. Тар қопастың
ішінде қамалып жатқан Мәди елін, жерін сағынып
қайғырады. Қолына домбырасын алып:

Атыңнан айналайын Қарқаралы,
Сенен бұлт, менен қайғы тарқамады.
Саяңнан сайғақ құрлы сая таппай,

Мен бір жан қашып жүрген Арқадағы, -
деп басына түскен қиындығын әнге қосады. Ел
арасына бұл ән “Қарқаралы” деген атпен кеңінен
тарап кетеді.

Ән тыңдау!

Мәдидің «Қарқаралы» әнінде басқа түскен
қайғы, көңілге ұялаған өкініш, жүрекке салған қайғы-
мұң сезіледі. Сонымен қатар, жырақта жүріп елін
аңсаған сағыныштың да үні естіледі. Ал әннің

қайырымында қиындыққа төзе білген жігер отын да тыңдап көруге болады. Осындай күрделі әндердің бірін Жүсіпбек Елебековтың орындауында тыңдап көрелік.

Біліп ал!



Арқа дәстүріндегі Мәди әндері оқшауланып дара тұр. Мәди Бабиұлы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында дүниеге келген (1880-1921). Өз басынын өткізген ауртпалық пен қиындықты өз әндерінде бейнелеп отырды.

Мәди әділетсіздіктің күрескері ретінде шерлі, мұнды, жан сезімін баяндайтын әндер туғызды. Мәдидің “Үшқара”, “Қарқаралы” «Қаракесек» сынды әндері халық арасында кеңінен танымал болды.

Сұрақтар:

- Жүсіпбектің ұстаздары кім ?
- Жүсіпбек кімдердің әндерін бізге сақтап жеткізді?
- Жүсіпбектің шәкірттерін ата?
- Не себепті Қақабай Мәдиді түрмеге жабады?
- Осы уақиғаға байланысты қандай ән дүниеге келеді?
- Мәдидің басқа қандай әндерін білесің?

Тапсырма:

1. Әншілік өнердің хас шебері - Жүсіпбек Елебеков жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Жаяу Мұса «Ақ сиса» әнінің үйренген буынын қайтала.

ҚАРА ҚОБЫЗДЫ САРНАТҚАН – ЖАППАС ҚАЛАМБАЕВ



Атақты күйші - Жаппас Қаламбаев ХХ ғасырдың басында қазіргі Созақ ауданы, Шымкент облысында дүниеген келген. Ол 7-8 жасынан бастап әкесі Қасымбектен домбыра тартуды үйренеді. Домбыра тартумен қатар, Жаппас қобыз аспабын да жете меңгереді. Қобыз күйлерінің көпшілігін атақты күйші, композитор Сүгірден үйренеді. Ұстазы Сүгір Қаратау өңіріне жайылған қобызшылық пен домбырашылық дәстүрдің қалыптасуына зор ықпал еткен ірі күйші композитор. *Қаратау өңірінде*

күйшілік дәстүрдің жалғасуына Жаппас Қаламбаев та өзінің үлкен үлесін қосты.

Жаппас Қаламбаев 1934 жылы Республикалық халық аспаптарында орындаушылардың I слетіне қатысып, өз өнерін көпшілікке танытады. Слеттен кейін жаңадан ұйымдастырылып жатқан қазақтың халық аспаптар оркестріне шақырылып, осы оркестрде 30 жылдай қызмет істейді. Көптеген Республикаға белгілі қобызшылар алғашқы сабақты Жаппас Қаламбаевтан алады.

Жаппас Қаламбаевтың шәкірттері Гүлнәфис Баязитова, Фатима Балғаева және Болат Сарыбаевты айрықша атауға болады.

Күйдің әңгіме желісіне құлақ түрелік:



Қорқыт және Ықылас күйлерінің көпшілігін Жаппас Қаламбаев бізге дейін сақтап жеткізген. Ол

күй орындамас бұрын, күйдің шығуы туралы аңызды айтып беретін. Ықыластың “Жез киік” туралы күйі жайлы Жаппас былай деп баяндайды: Ел арасында құралайды көзден атқан мерген аңшы жігіт болыпты. Мерген жігіттің атқан оғынан ұшқан құс, жүгірген аң қашып құтыла алмайды екен. Бір күні аңшы жігіт атына мініп, садағын асынып киік атуға шығады. Бір кезде аңшының алдынан бір топ киік қаша жөнеледі. Қолына садағын алып, киіктерді ата бастайды. Аңшы жігіт аңның қызығына түсіп, киіктерді бірінен соң бірін өлтіре береді. Көптеген киік қырылып қалады. Бір мезгілде мерген жігіттің алдынан күнге шағылысқан жез киік шыға келеді. Бұрын-соңды мұндай ғажапты көрмеген мерген жігіт жез киікті атып алмақшы болады. Садағын қолына алып жез киікті атады. Бірақ мергеннің оғы күнге шағылысқан жез киікке дарымайды. Сол мезгілде жез киікке тіл бітіп аңшы жігітке қайрылып: “Ей, мерген, сен шамадан тыс киікті неге өлтірдің? Сен қажеттілігіңе емес, мергендігіңнің қызығына түстің. Қанша киіктің обалына қалдың. Енді сенің атқан оғың ешбір аңға дарымайды”, - деп көзден ғайып болады. Аңшы жігіт бұл болған жағдайға аң-таң болып елге оралады. Осы күннен бастап аңшы жігіттің жолы болмай, атқан оғы бірде бір аң-құсқа дарымайтын болған екен. Сондағы аңшы жігіттің алдынан шыққан аң иесі Жез киік екен дейді. Бұл аңызды естіген Ықылас қолына қобзын алып, осы оқиғаға арнап күй шығарады. Күйдің атын “Жез киік” деп атайды.

Күй тыңдау!

«Жез киік» күйін көне қыл қобызда және жаңа сым қобызда тыңдап көрелік. Байқаған боларсың бір күй екі аспапта әр түрлі үнмен естіліп тұр. Қыл қобызда орындалғанда оның қоңыр үні адамды арбағандай сезімде болады. Ал сым қобызда орындалған «Жез киік» күйі фортепианомен үндесіп шауып бара жатқан киіктерді елестетеді.



Біліп ал!



Қазақтар қобыз аспабын қастерлі, киелі санаған. Бақсылар адамдарды емдеген кезде қобыз аспабын пайдаланған. Оның сиқырлы үніне сенген. Шанағының ішінде айнасы бар, темір салпыншақтары бар, ысқышы садақ сияқты иілген. Жер

бетінде күйдің пайда болуын да қобыз аспабымен байланыстрады.

Жаңа заманға лайық көне қыл қобыздың негізінде жаңа сым қобыз жасалды. Қазақтың қобызы екі ішекті болып қылдан жасалған. Ал жаңа қобыз



төрт ішекті болып, қылдың орнына сым ішектер тағылды. Нәтижесінде қобыз аспабының тембрі өзгерді. Жаңа қобыздың дыбысы мәнерлі де сазды адам дауысына пара-пар келді.

Ойлан да айт!

Не себепті «Жез киік» аңызын көне аңыз деп есептейміз?

Сұрақтар:

- Жаппас неше жасынан домбыра тартып үйренеді?
- Қобыз күйлерін Жаппас кімнен үйренеді?
- Жаппас кімдердің күйлерін сақтап жеткізген?
- Жаппас Қаламбаевтың шәкірттерін ата?
- Не себепті аңшының атқан оғы дарымайтын болады?
- Қай аспаптың үні саған көбірек ұнады? Қыл қобызба әлде сым қобыз ба?

Тапсырма:

1. Қара қобызды сарнатқан – Жаппас Қаламбаев жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Жаяу Мұса «Ақ сиса» әнінің үйренген буынын қайтала.

ӘНІН КӨККЕ ҚАЛЫҚТАТҚАН – ҒАРИФОЛЛА ҚҰРМАНҒАЛИЕВ



Атақты әнші Ғарифолла Құрманғалиев ХХ–ғасырдың басында Орал облысы Қаратөбе ауданында дүниеге келген. Ғарифолланың туып өскен ортасы *Батыс өңіріндегі әншілік пен күйшілік дәстүрдің* туын тіккен киелі мекен. Ғарифолла он жасынан бастап домбыра тартып, ән салады. Мұхиттың атақты шәкірттері Шыңтас пен Шайхының соңына еріп, Мұхиттың көптеген әндерін үйренеді.

Ғарифолла Мұхит әндерін жете меңгеріп, әншілік атағы кеңінен жайылады. Есейе келе Ғарифолла Алматыға келіп музыка театрына әнші болып қызметке қабылданады. Ғарифолла “Қыз Жібек”, “Ер Тарғын”, “Біржан-Сара” сынды көптеген операларда жиырмадан астам роль ойнайды.

Ұлы ұстаздардан тәлім алған Ғарифолла Құрманғалиев өзі де соңына көптеген шәкірттер тәрбиелейді. Ғарифолланың шәкірттері бүгінде елге танымал Әскербек Еңкебаев, Қажыбек Бекбосынов, Қапаш Құлышева, Сауле Жанпейісова сынды **ұстаз орындаушылар**.

Әннің әңгіме желісіне құлақ түрелік:



Мұхит әндерін ел арасына таратуға маңызды үлес қосқан Ғарифолла Құрманғалиев еді. Мұхиттың “Үлкен айдай” әнінің шығуы жайлы Ғарифолла былай деп әңгімелейді: “Атақты әнші-композитор Мұхит сол өңірге атағы шыққан ақын Бала Ораз туралы көп естиді. Оның шығармаларын тыңдап өзін көруге құмартып жүреді. Мұхитты Бала Ораздың ауылы үлкен сый-құрметпен қарсы алады.

Мұхит ұзақ уақыт Бала Оразға еріп жүріп оның айтқан әңгімелерін тыңдап, өлеңін жаттайды. Ол Бала Ораздың шығарған айтыстары мен көптеген өлеңдерін әнге қосып айтып жүреді. Мұхиттың Бала Оразбен қоштасар сәті де келеді.

Сонда Мұхит: “Ораз аға, мен сіздің үлкен ағалық құрметіңізге ризашылығымды білдіріп, үлкен өнеріңізге тәнті болып, сізге арнап бір ән шығарып едім. Сол әннің атын “Үлкен Ораз” қойдым”, - деп өзінің Бала Оразға арнаған әнін айтып береді. Сонда әнді тыңдап бола берген Бала Ораз: “Қарағым, Мұхит, рахмет. Мені жастайымнан ел еркелетіп Бала Ораз деп атап кетіп еді. Ал өзің болсаң менің өнерімді “Үлкен айдай” деп халыққа таратып жүресің”, - деп батасын беріп шығарып салады. Содан бастап бұл ән ел арасында “Үлкен Ораз” немесе “Үлкен айдай” болып таралып кетеді”.

Ән тыңдау!

Мұхиттің әндері диапазоны кең, әншіден үлкен орындаушылық шеберлікті талап етеді. Мұхит әндері Европаның ариялары сынды, көп дайындықты қажет ететін күрделі шығармалар қатарында. Сол себепті Е.Брусиловский Мұхит әндерін қазақтың тұңғыш

операсы «Қыз Жібекте» молынан пайдаланған. Осындай Мұхиттың күрделі әндерін терең меңгерген Ғарифолла Құрманғалиевтің «Қыз Жібек» операсындағы Шегенің ариясын және Мұхиттың «Үлкен айдай» әніне құлақ түрелік.

Біліп ал!



Үлкен жәрменкелер мен той-думандарға қатысып ән салып, атағы елге ерте тарап кеткен дүлділ әнші Мералыұлы Мұхит. Мұхит ХІХ ғасырда қазіргі Орал облысы Қаратөбе ауданында дүниеге келген. Мұхиттың кең ауқымды, күрделі де асқақ әндерінің дүниеге келуі, сол кездегі Бөкей ордасында қалыптасқан дауылды күйшілік дәстүрдің әсері екені сөзсіз. Мұхиттің «Паң көйлек», «Зәуреш», «Айнамкөз» сынды көптеген әндері елге танымал.

Сұрақтар:

- Ғарифолла неше жасынан бастап домбыра тартып, ән салады?

- Ғарифолланың ұстаздары кім?
- Ғарифолланың шәкірттерін ата?
- Мұхит кімнен бата алады?
- Не себепті Мұхиттың әні «Үлкен айдай» болып аталып кетеді?

Тапсырма:

1. Әнін көкке қалықтатқан - Ғарифолла Құрманғалиев жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Жаяу Мұса «Ақ сиса» әнінің үйренген буынын қайтала.

КҮЙ АҢЫЗЫН АРДАҚТАЙ ЖЕТКІЗГЕН - КҮЙШІ ДӘУЛЕТ МЫҚТЫБАЕВ



Атақты күйші Дәулет Мықтыбаев сонау көне ғасырлардан жеткен **қазақтың қобызшылық дәстүрін** жалғастырушы. Ол ХХ ғасырдың басында Ақмола облысында дүниеге келген. Оған алғаш ұстаздық еткен Ықыластың баласы Түсіпбек болды. Дәулет Мықтыбаев Түсіпбектен **Ықыластың, Қорқыттың** және халық күйлерін үйренеді. Ол қобыз күйлерін ескіліктің дәстүрімен аңыз әңгімесен баяндай отыра орындайтын. Әсіресе, Қорқыттың «Қоңыр» және Ықыластың «Аққу», «Шыңырау» сынды күйлерін алдымен аңызын әңгімелей отырып асқан шеберлікпен жеткізе білді.

Бертін келе Дәулет Мықтыбаев Құрманғазы атындағы Алматы консерваториясында қобыздан сабақ беріп, көптеген шәкірттер дайындады. Дәулет Мықтыбаевтың шәкірттері елге танымал Қуаныш Әжмұратов, Базархан Қосбасаров және Әбдіманап Жұмабековтер бұл күнде шәкірт тәрбиелеп жүрген ұстаз орындаушылар.

Күйдің әңгіме желісіне құлақ түрелік!



Ықыластың «Шыңырау» күйі туралы Дәулет ақсақал былай деп әңгімелейді: «Ықылас өзінің бір сапарында өзен жағасында өсіп тұрған бір ағаштың түбіне келіп аялдайды. Бір кезде Ықылас шырылдап жалынышты ұшқан құсты көреді. Көзін салып қараса ағаш бұтағында құстың салған ұясы тұр екен. Ұяның ішінен балапандарының басы көрінеді. «Бұлар неге сонша шырылдайды?» - деп назар салса, ұяға қарай өрмелеп келе жатқан жыланды көреді. Ал анасы болса балапандарын қорғаштап, жыланға айбат шегіп айналшықтап ұшып жүреді. Балапандары мен анасын


аяп кеткен Ықылас дереу қамшысын суырып алып жыланды ұрып жерге түсіреді. Құс қуанып ұясына қайта оралып, балапандарымен қауышады. Сонда Ықылас: «Құс та болса өз балапандарын қорғап жыланның аузына түсуге даяр болды. Аналық сезім деген осы екен-ау», - деп қобызын қолына алып, осы оқиғаға арнап бір күй тартады. Бұл күй ел арасына «Шыңырау» деген атпен таралып кетеді.

Күй тыңдау!

Ықыластың «Шыңырау» күйі бұл күнде көптеген орындаушылар орындап келеді. Бүгінгі таңда «Шыңырау» күйі қобыз күйлерінің ішінде ең танымал күйлердің бірі. Бұл күйді Дәулет Мықтыбаев пен қобыз күйлерінің дәстүрін жалғастырушы Сматай Үмбетбаевтың орындауында тыңдап көрелік!

Ойлан да айт!

Қалай ойлайсың Дәулет Мықтыбаевтың қобыз күйлерін орындаудағы ерекшелігі неде?



Біліп ал!

Ықылас Дүкенұлы 1843-1916 жж. Қарағанды облысы, Жаңаарқа Ауданында дүниеге келген. Ықыластың атасы Алтынбек қобыз, домбыра жасаған, ал әкесі Дүкен асқан күйші қобызшы болған. Ықылас 7-8

жасынан бастап әкесінен қобыз үйренеді. 15 жасынан бастап елге таныла бастайды. Ықылас атақты

Жанақ пен Шөже ақынның батасын алады.

Ықыластың ұлы Түсіпбек те қобызшы болады. Ал Түсіпбек әкесінің күйлерін Дәулет Мықтыбаев пен Сүгірге үйретіп ізіне шәкірттер қалдырған екен. Ықыластың «Жез киік», «Шыңырау», «Ерден» сынды көптеген күйлері бар.

Сұрақтар:

- Дәулет Мықтыбаевтың ұстазы кім?
- Дәулет Мықтыбаевтың шәкірттерін ата?
- Дәулет Мықтыбаев Ықыластың «Шыңырау» күйі жайлы не деп әңгімеледі?

Тапсырма:

1. Күй аңызын ардақтай жеткізген - күйші Дәулет Мықтыбаев жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Жаяу Мұса «Ақ сиса» әнінің үйренген буынын қайтала.

ҰСТАЗДЫ ҰЛЫ ТҮТҚАН – КҮЙШІ ТӨЛЕГЕН МОМБЕКОВ



Атақты күйші Төлеген Момбеков ХХ ғасырдың басында Шымкент облысы Созақ ауданында дүниеге келген. Төлеген домбыраны жастайынан тартқан. Домбыралық өнер Төлегенге арғы аталарынан

дарыған. Атасы Назар шешен әрі жырау болған. Әкесі Момбек домбыра тартып, ән салған. Төлегенге ұстаздық еткен атақты күйші – Бапыш. Ал кейін келе Төлеген күйші композитор Сүгірдің өзіне шәкірт болады. Сүгірдің көптеген «Тел қоңыр», «Шалқыма», «Жолаушының жолды қоңыры» тағы басқа күйлерін үйреніп, ел арасына танымал етіп таралуына бірдер бір ықпал етеді.

Ол ұстазының жолын қуып өз жанынан көптеген күйлер шығарады. Әсіресе, халыққа аса танымал «Қосбасар», «Салтанат», «Боз інгеннің бүлкілі», «Мың жылқы» сынды күйлерін ерекше атауға болады.

Төлеген Момбековтің орындау дәстүрінен үлгі алған бүгінде елге танымал Біләл Ысқақов, Рүстем Күлшебаев, Жанғали Жүзбаев сынды **күйші ұстаздарды** атаймыз. Сөйтіп, ***Қаратау өңіріндегі шертпе күй дәстүрі*** бүгінгі күнде өз жалғастығын табуда.

Күйдің әңгіме желісіне құлақ түрелік!



Төлеген әсіресе Сүгір күйлерін орындаудағы шеберлігі зор күйшілердің бірі болды. Сүгірдің “Бес жорға” күйі туралы Төлеген ақсақал былай деп әңгімелейді: - Сүгір күйші атанып ел-жұртқа таныла бастаған кезде әкесі Әли шақыртып алып: “Шырағым, Сүгір, сен қолыңа домбыра алып күй тартып жүрген болсаң, алдымен Мафруза атты күйші қызбен күй тартысып көр. Егер күй тартысып жеңетін болсаң, ел сені нағыз күйші деп танитын болады”, - дейді. Ауылдан төрт домбырашы жігіт бір-бір жорға мініп Мафруза қыздың ауылына аттанады. Сүгір де

тор жорғасын мініп оларға ілесіп кетеді. Мафрузаның ақ боз үйіне жақындай бергенде алдарынан бір топ жігіттер қарсы алады. Мафруза үйіне келе бір топ жігіттерді қарсы алып оларға: “Қане жігіттер қолдарыңа домбыра ұстап келген екенсіңдер. Ендеше сол домбыраларыңды қолдарыңа алып күй тартып ермек етерсіңдер”, - дейді. Жігіттер бірінен кейін бірі күйлерін орындайды.

Сонда Сүгір: “Бұл жігіттер білетін күйлерін тартты ғой. Олай болса мен жаңадан жанымнан шығарып күй тартайын. Осы ауылға келе жатқанда, бес жорғаның жүрісіне арнап шығарған күйім еді”, - деп ол “Бес жорға” атты күйін тартады. Сонда Сүгірдің домбырашылығына таңданған тыңдаушылар “Бұл кім? Бұл кім?” – деп бір-біріне қарасып қалады. Күй аяқталғанда, Мафруза қыз: “Осы сіз атақты күйші Сүгірдің өзі емессіз бе? Онда мен сізбен күй тартысайын”, - деп, қолына домбырасын алады. Осы жерде күй тартысы басталып кетеді. Екі күйші бір-бірін жеңе алмайды. Бір мезгілде Мафруза қыз: “Сүгір аға! Күйшілігіңізге бас идім, қадірлі қонағым болыңыз” - деп өзінің жеңілгендігін мойындап, біраз күн қонақ етіп, астына ат, үстіне шапан жауып қайтарған екен.

Күй тыңдау!

Сүгірдің «Бес жорға» күйіне мән беріп тыңдасақ, бес жігіттің астына мінген жорғаларының жүрісін анық байқауға болады. Күй тартысқа арнайы келе жатқан бес жігіттің көңіл-күйінің толқынысын, жүрек толғанысын да сезгендей әсер қалдырады. Бұл күйді Төлеген Момбековтың және бүгінгі күнде Сүгірдің

күйшілік дәстүрін жалғастырушы Жанғали Жүзбаевтың орындауында тыңдап көрелік!

Біліп ал!



Сүгір Әлиұлы (1982-1961жж) Шымкент облысының Созақ ауданында дүниеге келген. Сүгірдің әкесі Әли баласын жастайынан домбырашылыққа баулиды. 15 жасында «домбырашы Сүгір» атанады. Сүгір Ықыласқа шәкірт болып оның қобызда ойнаған күйлерін

домбыраға

салып орындайды. Әсіресе, Ықыластың «Аққу», «Ерден», «Қоңыр» сынды күйлерін домбыраға салып шебер

орындайды. Сүгір ең алғаш қобыз күйлерінің сарынын домбыраға лайықтап және шертпе күймен төкпе күйді біріктіре отырып жаңаша бағытта өз ерекшелігіне тән ғажайып күйлерін қалдырған ұлы ұстаз. Сүгірдің «Телқоңыр», «Шалқыма», «Ыңғайтөк» сынды көптеген күйлері бар.

Сұрақтар:

- Домбырашылық өнер кімнен дарыған?
- Төлегеннің ұстаздары кім?
- Ол кімнің күйлерін шебер орындаған?
- Сүгір кіммен күй тартысады?
- Сүгірге әкесі қандай талап қояды?

- Не себепті күй «Бес жорға» атанады?

Тапсырма:

1. Ұстазды ұлы тұтқан – күйші Төлеген Момбеков жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Жаяу Мұса «Ақ сиса» әнін жатқа орында.

ӨЗ БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Қазақтың күйшілік және әншілік дәстүрі кімдер арқылы сақталып жетті?
2. Арқа өңірінің әншілік дәстүрін жалғастырушыларды ата?
3. Қобыз күйлерін орындап жеткізушілер кімдер?
4. Қаратау өңірінің дәстүрлі ерекшелігі неде?
5. Батыс өңіріндегі әншілік және күйшілік дәстүрін жалғастырушылар айтып бер?
6. Ұстаз бен шәкірт дегенді қалай түсінесің?
7. Жүсіпбектің қандай шәкірттерін білесің?
8. Қазіргі дәстүрлі орындаушылардан кімдерді білесің?
9. Құрманғазы «Адай» күйін кімге арнады?
10. Не себепті Мұса жаяу атанды?
11. «Қарқаралы» әнін кім шығарды?
12. Жез киікке неге оқ дарымайды?
13. Мұхит кімнен бата алады?
14. Дәстүрлі әндер мен күйлер қазіргі уақытта қалай жалғасуда?
15. Өзіңе ұнаған қандай әндер мен күйлерді ерекше атай аласың?

16. Саған әндер мен күйлер қандай орындауда көбірек ұнады? Дәстүрлі орындауда ма әлде эстрадалық аранжировкада ма?

II ТОҚСАН

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КӨНЕ МУЗЫКАЛЫҚ АСПАПТАРЫ

КӨНЕДЕН ЖЕТКЕН АСПАП



*Қазақ
домбыра*

*Түркмен
дutar*

*Әзірбайжан
саз*

*Қырғыз
қыяқ*

Халқымыздың ежелден жеткен тұрмыс-салт-жырлары мен әдет-ғұрыптары, аңыз-ертегілері мен музыкалық өнері түбі бір туыстас түркі халықтарының дәстүр-салтымен бір арнада астасып жатыр. Әсіресе, айқын айғақ бола алатын ескінің ескерткішіндей сақталып жеткен көне музыкалық аспаптары.

Қазақ халқының ең сүйікті музыкалық аспабы домбыра болып саналады. Ал, қырғыз халқы комуз аспабын өздерінің ежелгі тарихынан сыр шерткен аса қадірлі аспап деп есептейді. Түркмендер болса өздерін дутар аспабынсыз тіпті елестете де алмайды. Азербайжанда ел арасына кеңінен таралған аспап – саз.

Бұл музыкалық аспаптарға қарап отырып олардың көптеген ортақ тұстарын айқын аңғара аламыз. Аспаптардың ұзына бойы жатқан мойны, домаланған шанағы, қаз-қатар орналасқан құлақтары, тіпті тағылған ішектерінен олардың бір-бірімен ағайын-бауырдай туыстасып жатқандығын көреміз.

Домбыра мен дутар аспабы екі ішекті. Ду-тар – түркмендерде екі-ішек деген ұғымды білдіреді. Ал, қырғыздың комузы мен әзербайжанның саз аспаптарының ішек саны үшеу болып келеді. Қазақ халқында да көне замандардан жеткен үш ішекті домбыралар сақталған.

Музыкалық аспаптардың мұндай туыстығының себебін білу үшін көне тарихқа үніліп көрелік! Бірнеше замандар бұрын яғни V-VIII ғасырларда Орталық Азия аймағында Түркі қағанаты мемлекеттік құрады. Бұл мемлекет алып аймаққа құлашын жайып жатады. Таулы Алтайдан Каспий теңізінің аралығында мемлекеттік құрған түркі тайпалары ту көтеріп мәдениеті мен сан-салалы өнерін үлкен қарқынмен

дамытады. Түркі қағанатының қол астына біріккен түркі тайпалары Көк Тәңірге сиынады. Иә, тілі мен діні ортақтасқан халықтардың музыкалық дәстүрі де туыстасып кете барады.



Онан бергі заманда мың жарым жыл өтеді. Түркі қағанаты ыдырайды. Ал бұл мемлекеттің қол астына біріккен түркі тайпалары: қазақтар, якут-саха, алтай, тыва, қырғыз, өзбек, әзірбайжан, башқұрт, хакас халықтары әр қайсысы бір-бір дербес мемлекетке айналады. Бірақ бұл халықтар өздеріне ортақ болған тілі мен наным-сенімін, әдет-ғұрпы мен салт-дәстүрін, өнері мен мәдениетін сақтап қалады. Әрбір халықтың көненің көзіндей сақтап жеткізген дәстүрлі өнері ұлы мәдениеттің мәңгілік ұмытылмас ескерткішіндей ұрпақтан ұрпаққа жалғасары сөзсіз!

Күй тыңдау!

Нұрақ Абдрахманұлының орындауында қырғыздың халық күйі «Қаразгөй» (комыз аспабында).

Біліп ал!

Домбыра аспабының пайда болуының тарихы тереңде жатыр. Ежелгі Хорезм қаласының қазба жұмыстарын жүргізген археолог ғалымдар қыштан жасалған музыканттардың мүсінін табады. Ол мүсіндер екі ішекті шертпелі аспапта ойнап отырған музыканттардың мүсіні болатын. Ғалымдар бұл мүсіндерді ежелгі сақ заманындағы көшпелі тайпалардың арасында сақталған екі ішекті музыкалық аспап деп тұжырымдайды. Екі мың жыл болған бұл екі ішекті аспап қазақтың бүгінгі күндегі домбыра аспабының ең көне түрі болып табылады.


Сұрақтар:

- Домбыра тектес аспаптарды ата?
- Не себепті бұл аспаптарды туыстас деп атаймыз?
- Түркі тілдес халықтардың музыкалық дәстүрі қай заманнан бастау алады?
- Түркі тайпаларына жататын халықтарды айтып бер?

Тапсырма:

1. Көнеден жеткен аспап жайлы оқып кел.
2. «Біліп ал» рубрикасын оқып кел.
3. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің бастапқы буынын қайтала.

ӘЛЕМДІ ТАҢ ҚАЛДЫРҒАН ШАҢҚОБЫЗ



Шаңқобыз – әлем халықтарында кеңінен қолданылатын өте танымал аспап. Әлем халықтары шаңқобыз аспабына әртүрлі атаулар берген: варган, хомуз, темір комус, ағаш қомуз т.б. Бұл аспаптар ең көне аспаптар қатарында саналады.

Алтай халықтарында шаңқобыз аспабы жайлы қызықты аңыз сақталған екен. Бір күні аң аулауға шыққан бір аңшы керемет бір дыбысты естиді. Бір аю сынған ағаштың басына шығып оның шыбығын тартқылап ойнап отырады. Мұны көрген аңшыға ағаштың шыбығынан шыққан дыбыс құлағына жағып қалады. Аңшы сол заматта аспап жасап, өзі естіген дыбыстың даусын айнытпай салып алады. Осыдан

бастап алтай халқының комус аспабы пайда болған екен.

Сиқырлы үні бар кішкене ғана аспапты әрбір халық өзі ойлап тапқан. Бұл аспапты жасап шығару да оп-оңай болғанға ұқсайды. Қатты ағашты жонып алып, оның ортасына кішкене тілше орната қойған. Сол тілшені дірілдетіп қозғау арқылы түрлі сазды дыбыстар шығара алған. Әуелде бұл аспапты ағаштан, сүйектен жасаған. Ал, кейін адамдардың өмірі жетіле келе олар темірді қолданған. Өйткені ағаштан жасаған аспап тез сынғыш келген, ал темірден жасаған аспап мықты әрі дыбысы да анық шығатын болған.

Бұл кішкене ғана аспаппен адамдар жан-жануардың дыбысын, құстардың даусын, бұғылар мен аттардың шабысын тіпті су тамшысын, жапырақтың сыбдыры мен желдің ысқырығын аспаптың дыбысымен қайталап табиғатпен емін-еркін тілдесе білген.

Якут-Саха және Алтай халықтарында комус аспабы кең тараған аспаптардың бірі. Бұл аспапта ойнау дәстүрі ғасырдан ғасырға ұласып келеді. Сол себепті бұл аспапты сібір халықтары барынша меңгеріп алған. Олар табиғат, қоршаған ортаның түрлі дыбысын салып, үлкен шеберлікпен аспапта ойнай біледі. Комус аспабы темірден жасалады.



Алтай халқының комус аспабы.



Якут-саха халқының
варган аспабы



**Қазақ, Қырғыз және
Башқұрт** халықтары кішкене
аспапты шаңқобыз немесе темір
комыз деп атайды. Аспап
темірден жасалады. Шаңқобыз
аспабының тілшесі қысқа
болады. Сол себепті шаңқобыз

аспабымен сұлу сазды ән-күйлер мен тез ырғақты
билердің әуенін орындауға болады.

Әлем халықтарында бұл аспаптардың бір-біріне
ұқсас жүздеген түрі кездеседі. Осындай көптеген
аспаптардың ішінде қырғыз халқының темір қомызы
әр түрлі ырғаққа салып әуендетіп орындауымен
ерекшеленеді. Қырғыз халқының темір қомызға
арналған күрделі ырғақты, көркемдік мазмұны бар
көптеген шығармалары сақталған. Осындай адамның
алақанына сиып кетер кіп-кішкене аспап әлі күнге
дейін сақталып, өзінің сиқырлы үнімен әлем
халықтарын таңқалдырумен келеді.

Музыка тыңдау!

Спиридон Шишигиннің орындауында Якут-Саха халқының комус аспабына арналған «Ормандағы таң» атты шығармасын тыңдау!

Біліп ал!

Көптеген әлемнің халықтарда шаңқобыз тектес аспаптар бар. Олар бір-біріне өте ұқсас. Бұл аспаптарды тек қана олардың түрі мен пішіні арқылы ажыратуға болады. Аспаптың жасалу ерекшелігіне байланысты олардың үні мен дыбысы да әр түрлі. Кей аспаптармен әндерді сызылта ойнаса, кей аспаптармен сұлу сазды күйлерді шебер ойнауға болады.



Камбоджо, Таиланд, Филиппин халықтарындағы варган аспабы бамбук ағашынан жасалады. Бамбук – темірден кем түспейтін өте мықты ағаш. Бамбуктан жасалған аспаптың дыбысы да қатқылдығымен ерекшеленіп тұрады. Бұл аспаптарды көбіне

кесіртке, жылан немесе тасбақаның суретімен әшекейлеп жасаған. Аспаптың өзі де осы жәндіктердің дыбысын салатын болған.

Кубинг – Камбоджияның бамбуктан жасалған аспабы



Бамбуктан жасалған Таиланд аспабы.
Филиппин аспабы.



Бамбуктан жасалған

Венгер халқының - доромб аспабын көбінесе кәсіби музыканттар орындаған. Бұл аспаппен музыканттар әр түрлі әуендерді, әндер мен билерді оңай сүйемелдей алатын болған.



Словак халқының драмбла аспабы. Драмбла аспабы барлық мерекелерде орындалатын болған. Драмбла аспабын ағаштан және темірден жасаған. Ағаштан жасалған аспаптың тілшесін дыбысын күшейту үшін темірден салған.



Орыс халқында балаларға арналған кішкене аспаптың ағаштан жасалған түрі сақталған. Оларды Щелкан деп атайды. Балалар кішкене балғасымен ағашты соғып ойнайтын болған. Кереметтей көңілді әрі қызықты аспап!



Вьетнам және Қытай халықтары кішкене аспапты «латунь» атты жұқа сары темірден жасайды екен. Сол себепті оның тілшелері көрінер-көрінбес, өте нәзік аспап болып шыққан. Қытайда варган аспабын желпігіш веер тәрізді үш-төртеуін бір-біріне жалғап ойнайтын болған. Бұл аспаптардың дыбысы таңғажайып, өте нәзік басқа аспаптарға ұқсамайтын өзіндік үні бар. Тіпті бұл аспаппен адамдар түрлі табиғаттың жаңғырық үнін де сала алған.



Вьетнамның дан мой аспабы.



Қытайдың Коу ксианг аспабы.

Сұрақтар:

- Шаңқобыз аспабының түрлі атауларын ата?
- Шаңқобыз аспабы қай халықтарда бар?
- Алтай халқында комус аспабы қалай пайда болады?
- Шаңқобыз аспабы қалай жасалады?
- Не себепті әлем халықтары бірдей аспапта ойнаған?

Тапсырма:

1. Әлемді таң қалдырған шаңқобыз жайлы оқып кел.
2. «Біліп ал» рубрикасын оқып, аспаптарды салыстыра отырып, неден жасалатындығын айтып кел.
3. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің үйренген буынын қайтала.

БАШҚҰРТ ХАЛҚЫНЫҢ МАҚТАНЫШЫ БОЛҒАН ҚУРАЙ АСПАБЫ

Башқұрт халқында үлкен құрметке ие болған **қурай** аспабы. Қурай тек музыкалық аспап ретінде ғана емес, Башқұрт мемлекетінің символы ретінде аса беделді. Қурай аспабын республиканың жалауы мен ел таңбасынан да көре аламыз. Ежелгі замандардан қурай аспабын адамдардың қайғы-мұңынан айықтыратын, ойына ой қосып, рухы мен жігерін көтеретін қасиетті аспап деп есептеген. Қураймен жеткен көне музыканы ерекше қастерлеп, ал, үлкен жиындар мен мерекелерде бас қосқанда қурайшыларға құрметті орынын ұсынатын болған.



Халық аспабының жасалуы өте қарапайым болып келеді. Аспапты қураған қамыстан жасайды. Қамыстың ең ұзын сабағын таңдап алып, 1 метрлік ұзындықта алдыңғы жағынан 4 тесік және бас бармаққа арналған бір тесік жасап дайындаған. Дегенмен, қурай аспабында орындау өте күрделі. Өйткені, қурай аспабын орындай отыра, аспапты даусымен яғни көмеймен сүйемелдейтін болған. Қурайшылар көмеймен айту дәстүрін меңгерсе ғана ол ең шебер орындаушы болып есептелген.

Қурайшының көмейінен шыққан қою да қоңыр үні аспаптың сұлу сазды әуенімен астасып тамаша жарасымын тапқан. Башқұрттар қурай аспабында бұлай ойнау әдісін «Үзләу» деп атаған. «Узляу» - алтай, тыва және хакас халықтарындағы көмеймен айту дәстүрімен туыстасып жатыр.

Қурай аспабында орындалатын күйлер кез-келген көңіл-күйді бере алады. Мысалы, «Ұзын күйлер» қурайшыдан асқан шеберлікті талап ететін салмақты да күрделі шығармалар болып саналады. Ал, «Халмақ күйлер» қарапайым ырғақпен, жәй екпінде орындалатын болған. «Қысқа күйлер» болса, көңілді де жігерлі би ырғағына құрылған әуендерден тұрады.

Башқұрт халқы қурайда орындау дәстүрін ғасырлар бойы сақтап, ұрпақтан ұрпаққа таратып бүгінгі күнге дейін жеткізіп келеді.

Музыка тыңдау!

Ишмурат Илбаковтың орындауында халық күйі «Жау төбе»

Біліп ал!

Қурай тектес аспаптар барлық түркі тектес халықтар арасында кеңінен тараған аспап болып саналады. Қазақ халқында бұл аспапты сыбызғы деп атаса, түркмендер түйдік, қырғыздар чоор, алтайлықтар шор, тывалықтар шоор дейді. Қазақ, түркмен және қырғыз халықтары да бұл аспапты қамыстан жасайды. Ал Алтай халқы шоор аспабын ерте көктемде ағаштың қабығын сылып алып, оның сыртын маралдың ішегімен қаптап жасайтын болған.

Қазақтар да ертеде аспап мықты болу үшін сыртын қойдың ішегімен орап жасаған.

Түркмендерде бұл аспаптың үш түрі сақталған. Кеңінен тараған аспап Ғарғы түйдік деп аталады. Түркмендер бұл аспапты барлық үрмелі аспаптардың атасы деп санайды. Ғарғы түйдік ғасырлар бойы ешқандай өзгеріске түспей сол көне қалпында жеткен аспап. Бұл күнге дейін аспапты қамыстан жасайды. Ал, Діллә түйдік шопандар ойнайтын кіп-кішкене үрмелі аспап. Діллә – тіл деген ұғымды білдіреді. Ерте замандарда ең шебер орындаушылар гоша діллә түйдікте ойнай білген яғни екі түйдіктен тұратын аспап. Бұл аспапта ойнау өте күрделі болған. Себебі, бір мезетте екі аспапты қатар үрлеп орындау оңайға соқпаған.

Сұрақтар:

- Қурай аспабын қалай жасаған?
- Қурай аспабын орындаудың ерекшелігі неде?
- Қурай аспабында орындау әдісі қалай аталады?

Тапсырма:

1. Башқұрт халқының мақтанышы болған қурай аспабы жайлы оқып кел.
2. «Біліп ал» рубрикасын оқып, қурай тектес аспаптардың ерекшелігін талдап кел.
3. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің үйренген буынын қайтала.

АСПАНМЕН ТІЛДЕСКЕН МУЗЫКА ҚҰДІРЕТІ



Музыкалық аспаптар тек қана музыка ойнап, көңіл көтеру үшін пайда болған деп ойлайтын боларсың. Музыкалық аспаптардың шығу аңызына құлақ түрсең, ол саған ғажайып сыр шертеді.

Көптеген әлем халықтарында арфа тектес аспаптар бар. Садақтан пайда болған бұл аспапты ғалымдар жер бетіндегі ең көне аспаптың бірі деп есептейді. Мысырда бұл аспапты киелі санап, онын дыбысын құдыретті күшке балаған. Өлген адамның жаны арфа аспабының үнін тындайды деп сенген. Сондықтан болар көптеген скандинав халықтары да өлген адамдарды арфамен бірге жерлейтін болған.

Ал, ежелгі кельт халықтары Дагда атты құдайы арфа аспабын ойнағанда жыл мезгілдері ауысады деп ойлаған.



Дагда

Грек халықтарының арасында арфа аспабының кішкентай түрі лира кең тараған. Би мен әннің құдайы Тетрпсихора лира аспабын ойнаған кезде, жер бетінде мамыражай бейбіт өмір орнайтын болған. Лира аспабы арқылы адамдар құдайлармен тілдескен.



Терпсихора

Ал түркі халықтарына ортақ жетіген аспабы жайында мынандай аңыз сақталған. Бұрынғы өткен заманда жеті бөрі-хандар елікті қуамын деп, абайсызда аспанға шығып кетеді. Жеті ханның бұл әрекетіне ренжіген Көк тәңірісі, оларды жеті жұлдызға айналдырып жіберген екен. Сөйтіп, аспанда Жеті қарақшы жұлдызы пайда болады. Сықырлаған аязды түнде олар аспаннан жерге қарап, жолдан адасқан адамдарға жетіген аспабын ойнап, жол көрсететін болған. Аспаннан төгілген бұл әуенді естіген адам байлық пен бақытқа кенеледі деп сенген.



Қытай халқы жетіген тектес аспабын цинь деп атаған. Ежелгі цинь аспабы бес ішекті болған екен. Оның әрбір ішегін жердің бес құдыретіне балаған. Олар – жер, су, от, ағаш және темір. Кейін келе цинь аспабы жеті ішекті болады. Аспаптың алтыншы ішегі өлген жауынгерлердің жанын жоқтау үшін тағылса, ал, жетінші ішек арқылы соғысқа аттанған жауынгерлерге рух берген екен. Қытай халқы бұл аспапты киелі деп санаған.



Жетіген тектес аспаптардың сан ғасырлық тарихы бар. Бұл аспапты барлық халықтар киелі санап, оның құдіретті үні арқылы аспанмен тілдескен екен.

Музыка тыңдау!

Арфа аспабының сүйемелдеуімен Тоғжанның «Гөй гөйі» ор. Ұлжан Байбосынова


Сұрақтар:

- Арфа тектес аспаптар қалай пайда болды?
- Арфа аспабының үнін қандай құдіретті күшке балаған?
- Жетіген аспабы туралы қандай аңыз сақталған?
- Қытайдың цинь аспабының әрбір ішегі нені білдіреді?

Тапсырма:

1. Аспапмен тілдескен музыка құдіреті жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің үйренген буынын қайтала.

КИЕЛІ АСПАП



Қобыз – қастерлі де киелі аспап. Мыңдаған ғасырлар бойы қобыз аспабын ойнай алатын нағыз иесі бақсылар болып саналған. Қарапайым адамдар қобыз аспабын ұстауға да сескенетін болған. Өйткені, бұл аспаптың құдіретті күшіне сенген. Қобыз аспабы арқылы бақсылар болашақты болжап, адамдардың тағдырын айқындап, олар ауырса аспаптың күшімен емдейтін де болған.

Бақсылар қобыз арқылы аруақтармен тілдескен. Олар жер бетін

жын-шайтандардан аластап, мейірімділік пен зұлымдықтың тепе-теңдігін жасай алатын үлкен

күшке ие болған.

Бақыстар қобыздың үнімен жан-жануарлар мен құстардың дыбысын салған. Бақыстар қобызды жанды аспап деп есептеген. Ол аспапта ойнағанда аттың немесе құланның үстінде шауып келе жатқандай және ол арқылы шыбын жанын аруақтар әлеміне жеткізетіндей терең сезімге бойлаған. Сол себепті қобыз аспабының құрылысына да адамдардың дене бітімін атағандай бас – құлақ – мойын – кеуде – аяқ деп атау берген. Қобыз және қобыз аспабында орындалатын музыка жамандықты, ауру мен өлімді аластата алған.

Бақыстардың бұл аспабы кез-келген аспаптан дараланып тұрады. Мысалы, оның басына үкі тағылып, әр түрлі темірден жасалған құстың, архардың немесе тау текелердің мүйізінің мүсіні бейнеленген салпыншақтармен әшекейленіп, шанағының түбіне айна салған. Аспаптың түсі қара болғандықтан оны қара қобыз немесе нар қобыз деп атаған. «Қара» сөзі көнеде тек түске байланысты ғана емес, зор немесе ұлы деген де мағынаны берген. Ал, «Нар» сөзі де үлкен немесе алып яғни күшті деген ұғымды білдірген. Қобыз аспабы күдіретті күшке ие болғандықтан осындай атау беріп оған қасиетті де киелі аспап деп сенген.

XX ғасырға дейін қобыз тек бақыстардың ғана иелігінде болған. Бақыстар қобызда ойнаған әуені мен сарынын, өздерінің аруақтар арқылы бойына сақтаған қасиетін өзінен кейінгі бақыстарға қалдырып отырған. Сондықтан да қобыз және қобыз сарындары түркі халықтарының мәдениетіндегі ең ежелгі музыкалық дәстүр болып есептеледі.

Замандар өте келе кенес дәуірінде баксылар қуғынға ұшырайды. Ал, көне дәстүрді сақтап қалу қиынға соғады. Баксылық дәстүр тіпті мүлде жойылып та кетеді. Ал, қобыз аспабының орнына оркестрге лайықталған төрт ішекті аспап пайда болады. Сөйтіп, XX ғасырда қобыз музыкасының жаңа тарихи беттері ашылады.

Біліп ал!

Бүгінгі күнде Орталық Азиядағы көшпелі халықтар арасында қазақтың қобызы тектес музыкалық аспаптар сақталған. Бұл аспаптардың да ішегі аттың қылынан



Қырғыз халқының
кыяқ аспабы



Тыва халқының
игил аспабы



Монгол халқының
моринхур аспабы

тағылып, ал шанағын терімен қаптап жасайды. Олар – қырғыздың қияқ, моңғолдардың моринхур, тывалықтардың игил, хур және алтай халықтарындағы тошпулуур аспабы. Бұл аспаптардың барлығы қоңыр да қою, сиқырлы үнімен ерекшеленіп тұрады. Бұл күнде әрбір халықтың жыраулары аспаптардың сүйемелімен ежелгі аңыздар мен көнеден жеткен жырларды орындап келеді.

Отырықшы өмір салтын құрған – өзбек, тәжік, ұйғыр, ауған, әзірбайжан, түрік, иран, армян халықтарының арасында бұл аспап кеманча немесе ғиджак деп аталады. Қобыздан бастау алған кеманча мен ғиджак аспабы сарай ішінде орындалатын аспапқа айналады. Яғни оның сыртқы пішіні мен түріне көптеген өзгерістер енеді. Аспап жасайтын шеберлер оның шанағын дөңгелентіп, терімен қаптап ал шанақтың астына темірден жерге немесе аяққа тіреп ойнайтын тіреуіш ойлап табады. Кеманча мен ғиджакты түрлі-түсті тастармен әшекейлеп оны нағыз қол өнер бұйымы тәрізді сұлулап жібереді. Кеманча мен ғиджак аспабын көбіне ансамбльдерде ойнауға қолданады.



Кеманча



Гиджак

Музыка тыңдау!

Ыхлас. «Айрауықтың ашы күйі». Ор. Дәулет Мықтыбаев.

Сұрақтар:

- Не себепті қобыз аспабын қасиетті де киелі санаған?
- Қобыз аспабының құрылысын қалай атаған?
- Қобыз аспабына қандай атау берген?
- Қобыз аспабы қандай өзгеріске ұшырайды?

Тапсырма:

1. Киелі аспап жайлы оқып кел.

2. «Біліп ал» рубрикасын оқып, аспаптардың ерекшелігін талда.
3. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің үйренген буынын қайтала.

КӨНЕДЕН ЖЕТКЕН КҮЙ



Қазақтың күй дәстүрі атадан балаға мұра болып жеткен құдіретті өнер. Қазақ халқы таңды-таңға асырып күй тыңдауды үлкен дәстүрге айналдырған. Күйді қастерлеп, қадір тұтқан. Күй арқылы айдаһар жыланды арбап, ботасы өлген нарды да иіткен. Қазақта көнеден жеткен мынандай бір күй-аңызға құлақ түрейік!

Ертеде бір шалдың мал дегенде жалғыз түйесі болған екен. Күндердің бір күнінде әлгі түйе боталап, қос күндік болғанда ботасы ауырып өледі. Нар түйе боздап ботасын іздеп шарқ ұрады. Екі көзінен жас

ағып, желіні ісіп, сауып алайын десе иімей қояды. Сонда шал елдің ақылгөй дана қартынан ақыл сұрайды. Сонда ақылгөй дана қарт: «Мұны тек күйдің сазымен иітуге болады», - дейді. Дананың бұл айтқан сөзі елге тарап та кетеді. Мұны естіген халықтың арасынан нарды иітеміз деп көптеген күйшілер жиналады. Бірінші кезекті жасы сексенге келген қарт күйшіге береді. Сонда қарт күйші домбырасын алып: «Көс-көс маям, көс маям. Айналайын, айналайын. Жаным, жаным», - деп домбыраға тіл бітіріп, ботасының боздаған даусын домбырамен тартқан кезде, нар иіп қоя береді. Нарды сол сәтте сауа бастайды. Мұны көрген халық қарт күйшінің өнеріне тәнті болып, күйдің құдіретіне бас иеді. Қазақ халқы мұндай көне аңызға құрылған күйлерді **аныз-күйлер** деп атап кеткен.

«Нар идірген» күйіне ұқсас музыка басқа да халықтарда сақталған. Бурят халқы музыканы жан-жануарларға әсер етеді деп сенген. Жаңа туған қозыны емізер алдында бурят халқы «тээгэ» атты әнді орындаған екен. Бұл әнді тек қана әйелдер айтатын болған. Ал сиырды сауар алдында «Оог-оог» әнін айтып, малды шақырады. «Тээгэ» және «Оог-оог» әндері әлі кунге дейін ел арасында сақталып келеді. Ал түркмен әйелдері, түйе малы мен сиырды сауар алдында, міндетті түрде қасиетті «ховлум» атты әнін орындап, барып сауатын болған.

Ботасы өлген нарды иіту дәстүрі монғол халқында біздің уақыттымызға дейін сақталып қалған екен. Түйенің алдына сазгер отырып, морин-хур аспабымен «Сариг цаган ингэ» атты әуенді орындайды. Аспап боздаған түйенің үнін елестетеді.

Сол кезде малдың көзінен жас ағып, ал иіген түйені әйелдер сауа бастайды.

Жан-жануарларға әсер ететін музыка құдыретін көшпелі халық ежелден ақ білген. Ол ән-күйлерді киелі санап, ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып, атадан балаға үйретіп отырған.

Музыка тыңдау!

Қазақтың халық күйі «Нар идірген»

Біліп ал!



Моңғол халқының морин-хур аспабы екі сөзден тұрады. Морин – ат және хуур – ішек деген ұғымды береді.

Ішекті-ыспалы музыкалық аспап Моңғолия мен Қытайдың солтүстік аймағына, Буряттар мен Тыва халқына кеңінен тараған. Морин – хуур аспабының басына аттың басының бейнесін жасаған. Бұл аспапта аттың

кісінеген дыбысын салып орындау дәстүрге айналған. Моңғолдар бұл аспаптың пайда болуы жайлы былайша баяндайды: ертеде бір батыр өмір сүріпті. Ол батырдың қанатты тұлпары болыпты. Оны ешбір жау ала

алмапты. Бір күні әбден кегі кеткен дұшпандары батыр мен оның қанатты тұлпары ұйықтап жатқанда қанатын шауып тастапты. Қанатты тұлпарынан айрылған батыр оның сүйегі мен терісінен аспап жасап, құйрығының қылын ішек етіп тағады. Оның атын морин-хуур деп атайды. Сөйтіп, батыр бұл аспапты ойнағанда өзінің қанатты тұлпарының дыбысын естіген екен.

Сұрақтар:

- Не себепті қазақ халқы аңыз – күйлер деп айтатын болған?
- Қарт күйші нарды қалай иітеді?
- Бурят және түркмен халқы малды қандай әнмен шақыратын болған?
- Монғол халқы ботасы өлген түйені қалай иіткен?

Тапсырма:

1. Көнеден жеткен күй жайлы оқып кел.
2. «Біліп ал» рубрикасын оқып кел.
3. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің үйренген буынын қайтала.

ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНДАҒЫ ҮРМЕЛІ ЖӘНЕ ҮРМАЛЫ АСПАПТАР ТОБЫ



Ұрмалы аспаптар музыкалық аспаптар дүниеге келмей тұрып-ақ ежелгі замандарда пайда болады. Ең алғаш жер бетінде адамдар пайда болғаннан бастап тұрмыс-тіршілігіне қажетті құрал ретінде әр түрлі заттарды пайдалана бастайды. Ең әуелі адамдар тасты-тасқа ұрып от жағады. Аң аулап, мергендік құрып тамағын асырайды. Жан-жануарлар мен аң-құстарды ұстап жеу үшін және оларды қолға түсіру мақсатында түрлі ғұрыптық және аңшылық билерді ойлап табады. Ғұрыптық және аңшылық би қимылдарын жасауда әртүрлі ырғақпен аң-құстардың кимыл-әрекетін қайталап жан-жануарды жанына жақындатып алып қолға түсіру әдіс-айласын жасайды. Адамдар мұндай ғұрыпты жасауда түрлі ағаштан немесе тастан

жасалған ұрмалы аспаптарды қолданады. Археолог ғалымдар ең ежелгі ұрмалы аспаптардың үлгісін Африка және Таяу Шығыс аймағын мекендеген халықтар арасынан табады.

Кейін келе, ұрмалы аспаптардың жетілген түрлері пайда бола бастайды. Адамдар музыкалық аспаптарды жан-жануардың мүйізінен жасайды. Мүйізден жасаған мұндай аспаптарды аңшылық кезінде бір-біріне дыбыс беру үшін қолданады. Мүйізден жасалған аспаптардың дыбысы өте қатқыл әрі ұзақ жерге жететіндей күші болады. Сондай аспаптардың бірі – **мүйіз сырнай** деп аталады. Мүйіз сырнай қазақ және қырғыз халқында ХХ ғасырға дейін сақталып жеткен. Келесі бір аспап – **бұғышақ** деп аталады. Бұл аспаптың дыбысы маралдың дауысына өте ұқсас болып келеді. Аңшылар киік, марал немесе тау текелерін ұстау үшін осы аспапты ойнап, оларды жан-жағына жинап қолға түсіретін болған.



Ежелгі үрмелі аспаптар жетіле бастайды. Әсіресе, барлық түркі халықтарына ортақ **керней** немесе **карнай** деп аталатын жан-жаққа хабар бергіш аспаптың жаңа түрі пайда болады. Бұл аспап түркі халықтар арасында кеңінен тарап, бүгінгі күнге дейін сақталып жетеді. Керней аспабының ұзындығы екі-үш метрге дейін созылып жатады. Әрине, оның дыбысы да өте зор. Бұл аспапты алғашқыда үлкен аңшылықтың басталғалы жатқанын хабарлаған. Ал, кейін келе үлкен әскерді соғысқа аттандыру алдында жауынгерлерге күш беру мақсатында қолданатын болған. Ал, бергі замандарда әр түрлі ойындар мен мерекелік шараларда және салтанатты жиындардың басталу сәтін халыққа хабарлау мақсатында пайдаланған.

Орталық Азияны мекендеген көшпелі халықтар арасына үрмалы аспаптар кеңінен тараған. Жауынгерлер **дауылпаз** және **шындауыл** атты үрмалы аспаптарды ердің екі жағына байлап соғысқа аттанған. Олар жауға қарсы шабарда аттың дүбіріне қоса ердің астына байланған аспаптарды аяғымен ұрып отырып шабатын болған. Аттың дүбіріне қосылған мұндай күшті дыбыс жауының үрейін ұшырған.



Дабыл аспабының екі жағы терімен қапталып жасалады. Көлемі ерекше үлкен етіп жасалған дабыл аспабын хабар беруші аспап ретін қолданған. Аспапты тоқпақпен соғып ойнаған. Бұл аспап жаудың жақындығы немесе соғыстың басталуы жайлы хабар берген

Даңғыра аспабының бір жағы ғана терімен қапталып жасалады. Ал, аспаптың ішкі жағына темірден дөгелетіп жасаған түрлі салпыншақтарды айналдыра тағып қоятын болған. Даңғыра аспабын бақсылар зікір салғанда пайдаланған.

Түркі халықтары мұндай аспаптарды жәй қарапайым күнделікті өмірде пайдаланбаған. Барлық үрмелі және ұрмалы аспаптар тұрмыстық және ғұрыптық шараларға байланысты ғана қызмет атқарған. Сол себепті бұл аспаптар ерекше орындаушылықты талап етпеген және музыкалық жанр ретінде көзге түспеген.

Ал, бүгінгі таңда ежелгі үрмелі және ұрмалы

аспаптар қайта өңделіп, фольклорлық ансамбльдер мен халық аспаптар оркестрлерінде қолданылып келеді.

Музыка тыңдау!

«Алыстағы арман» күйін орындайтын сыбызғышы әрі шығарманың авторы Қалек Құмақайұлы.

Біліп ал!

Өзбек, Әзербайжан, ұйғыр және тәжік сынды отырықшы халықтардың музыкалық мәдениетінде ортағасырлық зәулім ғимараттар мен салтанатты сарайлар салынатын болған. Сол себепті бұл халықтар арасында көптеген аспаптардың басын тоғыстырып ойнайтын ансамбльдердің көптеген түрлері мен би өнері жетіліп кеткен. Ансамбльдер мен би өнері үшін ең басты әр түрлі ырғаққа салу қажеттілігі туындаған. Музыканттар ұрмалы аспаптарда усуль деп аталатын ырғаққа салатын болған. Усуль ырғағы билер мен әндерді және макамдарды ойнауда ең негізгі музыкалық тірек ретінде алға шығып отырған. Сол себепті отырықшы халықтар арасында ұрмалы аспаптар музыкалық аспаптардың негізін құрап әр дайым жетілу үстінде болған.

Өзбек және тәжік халықтарының ең сүйікті ұрмалы аспабы – дойра. Әзербайжандар халқы бұл дәф деп атайды.



мен иран аспапты

Әзербайжан халқының ұрмалы аспабы нагара деп аталады. Барлық дәстүрлі салт-жоралғылар мен ғұрыптық мерекелер, ойын-сауықтар мен халық билері **нагара** аспабынсыз елестету мүмкін емес. Нагараның екі түрі бар: **голтук** яғни **қолтық нагара** және **гоша** яғни **қос нагара**.



Әзербайжан, Түрік және Иран халықтарының арасынан кеңінен тараған ұрмалы аспап - **думбек** немесе **дарбук**. Бұл аспап ежелгі Мағриб, Мысыр және Африка халықтарынан тарайды. Бұл аспапты алғашқыда күйдірілген қыштан жасап, бетін терімен қаптаған. Ал, қазіргі кезде аспапты ағаштан немесе темірден жасайды.



Сұрақтар:

- Ерте замандарда ұрмалы аспаптарды не үшін пайдаланған?
- Ең алғаш үрмелі аспаптар қалай пайда болады?
- Үрмелі аспаптардың қандай түрлері бар?
- Орталық Азияда кездесетін ұрмалы аспаптарды қалай пайдаланған?

Тапсырма:

1. Түркі халықтарындағы үрмелі және ұрмалы аспаптар тобы жайлы оқы.
2. «Біліп ал» рубрикасын оқып, аспаптарды салыстырып талдап кел.
3. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің үйренген буынын қайтала.

ӨЗ БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Домбыра тектес аспаптарды ата?
2. Шаңқобыз аспабы қай халықтарда бар?
3. Құрай аспабын қалай жасаған?
4. Арфа тектес аспаптар қалай пайда болды?
5. Не себепті қобыз аспабын қасиетті де киелі санаған?
6. Бурят және түркмен халқы малды қандай әнмен шақыратын болған?
7. Монғол халқы ботасы өлген түйені қалай иіткен?
8. Ерте замандарда ұрмалы аспаптарды не үшін пайдаланған?
9. Ең алғаш үрмелі аспаптар қалай пайда болады?

III ТОҚСАН

ҚАЗАҚ ХАЛЫҚ АСПАПТАРЫНЫҢ ЖАҢА ӨМІРІ

ХАЛЫҚ АСПАПТАР ОРКЕСТРІ ҚАЛАЙ ҚҰРЫЛДЫ?



XX ғасырда қазақтың халық аспаптары оркестірі құрылады. Сол себепті көптеген халық аспаптары өзгеріске ұшырап, қайта жаңғырады.

Білесің бе, бүгінгі таңда көптеген оркестр мен ансамбльдің түрлері бар. Мүмкін сен ойлайтын боларсың: «Барлығы қосылып бірге ойнаудың қандай қиыншылығы бар екен?», - деп. Дегенмен алғашқы оркестр құрылған уақытта көптеген қиыншылықтарға душар болғанын байқауға болады. Олай болса алғашқы оркестр қазақ жерінде қалай құрылды? Осы сұраққа жауап іздеп көрелік!

Қазақ ұлт аспаптар оркестрін құрудың үлесі Ахмет Жұбановқа тиеді. Ең алдымен Ахмет Жұбанов Қазақстанның түкпір-түкпірінен ең мықты деген 11 күйшіні жиып алады. Бұл күйшілермен оркестр құруда біршама қиындықтар туындайды. Өйткені әрбір күйшінің күй орындаудағы өзіндік қайталанбас ерекшелігі бар еді. Ал оркестрдің басты мақсаты барлық орындаушылар бір адамдай күйді орындау керек болатын. Сондықтан Ахмет Жұбанов олардың орындаған күйлерін бір қалыпқа түсіріп, оркестрге лайықты бір вариантын жасап шығарады. Бұл күйшілермен көп дайындық жасауға тура келді. Өйткені олар барлығы бірдей күйді жатқа орындау шарт болды. Ал ол уақытта олардың нота сауаты болмаған еді. Сөйтіп, көп дайындықтан соң ел-елден жиылған атақты күйшілер бір адамдай күйлерді орындай бастайды.

Оркестр құру үшін Ахмет Жұбановтың алдында тағы бір аздаған қиындық туындайды. Ел-елден келген күйшілердің домбыралары әр түрлі болғандықтан аспаптардың дыбыстары да әр келкі шықты. Сондықтан оркестр үшін аспаптар жасайтын арнайы шеберхана ашылады.

Он бір адамнан тұратын ансамбль енді үлкен оркестрге айналып, 1934 жылы алғашқы концертін береді. Сөйтіп, бүгінгі таңда қазақтың мақтанышына айналған Құрманғазы атындағы Ұлт аспаптар оркестрі дүниеге келеді.

Ойлан да айт!

Не себепті Қазақстанда халық аспаптар оркестрі құрылады?

Күй тыңдау!

Қазіргі таңда халықтың сүйіспеншілігіне айналған ең танымал күйлердің бірі Құрманғазының «Сарыарқа» күйі. Әсіресе бұл күй Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестрінің орындауында өте әсерлі шығады. Оркестр күйге ерекше жігер, шабыт және жарқын көңіл береді. Күйдегі аттың шабысын елестететін сезім, қазіргі заманның дауылдай соққан ағымына ұласып жатқандай.

Сұрақтар:

- Алғашқы ұлт аспаптар оркестрін құру кімнің үлесіне тиеді?
- Ансамбль құрамы неше адамнан тұрды?
- Оркестр құруда қандай қиындықтар туады?
- Қазақ халық аспаптарын жаңаша жасауға не себеп болды?
- Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі қай жылы құрылды?

Тапсырма:

1. Халық аспаптар оркестрінің құрылуы жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің үйренген буынын қайтала.

ДОМБЫРА МЕН ҚОБЫЗДЫҢ ТҮРЛЕНУІ



Оркестр болып орындау үшін оған көптеген әр түрлі аспаптар керек екенін білетін боларсың. Халық аспаптары оркестрін құру үшін Европа аспаптарының үлгісінде қазақ аспаптарының да бірнеше түрі жасалды. Жаңадан жасалған аспаптарға әр түрлі еуропалық атаулар берілді: домбыра -прима, домбыра-альт, домбыра-бас, домбыра-контрабас. Оркестрдегі

барлық аспаптар түр-пішіні жағынан ұқсас болғанымен, көлемі жағынан әр түрлі болды. Аспап үлкен болған сайын оның үні де төмен әрі қою болып шықты.



Домбыра аспабының өзін де өзгертуге тура келді. Егер бұған дейін домбыраға қой ішегі тағылса, енді оны нейлон ішіктерімен ауыстырды. Перне саны да бұрын-соңды 9 немесе 14 пернеден тұрса, енді оның санын 19-ға дейін жеткізеді. Сол себепті домбыра аспабында тек қана халық әндері мен күйлері орындалса, енді европа шығармаларында емін-еркін ойнай беретін болды.





Қобыз аспабы да біраз өзгеріске ұшырайды. Қобыз аспабының негізінде қобыз-прима, қобыз-альт, қобыз-бас және қобыз-контрабас пайда болды. Европадағы ішекті аспаптар тәрізді екі ішекті қыл қобыз аспабы енді төрт ішекті қобыз болып өзгерді. Ал қылдың орнына сым ішектер тағылды.



Қобыздың үні енді скрипканың үніне жақындай түсті. Қобыз аспабында европалық шығармаларды орындауға мүмкіндік туды. Сонымен қазақтың домбыра мен қобыз аспабының негізінде оркестр құрамында көптеген жаңа аспаптардың түрлері дүниеге келді. Халық композиторлары Құрманғазы, Дәулеткерей, Тәттімбет, Дина күйлері оркестрдің орындауында жанаша бояумен сахнаға шықты.



Ойлан да айт!

Не себепті домбыра мен қобыз аспабының көптеген түрлерін жасап шығарады?

Біліп ал!

Ахмет Жұбанов(1906-1968) – ғалым, композитор, қазақтың кәсіби музыка мәдениетін қалаушылардың бірі. Академик Ахмет Жұбанов қазақтың Құрманғазы атындағы мемлекеттік академиялық халық аспаптар оркестірін құрып, оның алғашқы көркемдік жетекшісі болды. Халық композиторларының творчествосын зерттеп, өзінің «Замана бұлбұлдары» және «Ғасырлар пернесі» атты кітаптарында жазып қалдырды. Ахмет Жұбановтың «Ақ көгершін» және «Қарлығаш» атты әндері халық арасында сүйіп тыңдайтын әндеріне айналды.

Музыка тыңдау!

Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестірінің орындауында Брамстың «Венгр биі» тыңдап көрелік!

Сұрақтар:

- Домбыра аспабының қандай түрлері пайда болды?
- Домбыра аспабының өзі қандай өзгеріске ұшырады?
- Көп өзгеріске ұшыраған қандай аспап?
- Қобыз аспабының қандай түрлері пайда болды?

Тапсырма:

1. Домбыра мен қобыздың түрленуі жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің үйренген буынын қайтала.

ОРКЕСТР ҚҰРАМЫНДАҒЫ АСПАПТАР



Оркестр құрамын үрмелі және ұрмалы аспаптарсыз елестету мүмкін емес. Қазақ халқында көне үрмелі сыбызғы аспабы сақталған. Сыбызғы аспабы ешқандай өзгеріске ұшырамайды. Сыбызғы өзінің көне қалпын сақтап қалады. Оның есесіне оркестр құрамына европаның флейта және гобой сынды үрмелі аспаптарын ендіреді. Өйткені бұл аспаптардың үні сыбызғымен пара-пар келетін.

Сонымен бірге оркестр құрамы сырнай аспабымен толықтырылады. Сырнай аспабы қазақ даласына ХІХ ғасырда татарлар арқылы келіп қазақ арасында

танымал болып кетеді. Қазақтың Майра, Нартай, Шашубай сынды атақты ақындары өз жырларын сырнай аспабында орындаған.

Кейін келе сырнай аспабының орнына оркестр құрамына орыстың баян аспабы да енеді.

Ал қазақтың ең көне ұрмалы аспаптарының бірі – дауылпаз. Дауылпаз аспабын оркестрде орындауға лайықтап, оның көлемін үлкейтеді. Сөйтіп үлкейтілген дауылпаз өзінің зор дыбысымен оркестрде орындауға мүмкіндік алады. Кейін келе дауылпаз аспабы европаның литавра аспабымен орын ауыстырады. Литавра аспабына қоса европаның барабан және треугольник сынды аспаптарын енгізеді. Сөйтіп, оркестр құрамында жаңа ұрмалы аспаптар тобы пайда болады.



Сонымен, оркестрдің жаңа аспаптары негізгі бес топтан тұрады.

1. Домбыра тобы: домбыра-прима, домбыра-альт, домбыра- бас, домбыра-контрабас
2. Қобыз тобы: қобыз-прима, қобыз-альт, қобыз-бас, қобыз-контрабас.
3. Үрмелі аспаптар тобы: флейта, гобой.
4. Ұрмалы аспаптар тобы: литавра, барабан, треугольник.
5. Сырнай тобы: баян.

Оркестр құрамындағы жетілдірілген бұл аспаптар тобы өзінің дыбыс бояуымен ерекшеленеді. Әрбір аспап диапазоны мен тембрі жағынан бірін-бірі толықтырып отырады. Сол себепті оркестрде орындалған шығармалар жаңаша үнмен сахнада тыңдала бастайды.

Ойлан да айт!

Не себепті оркестр құрамына жезді үрмелі аспаптарды енгізбейді?

Музыка тыңдау!

Түркештің «Көңілашар» күйін Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестірінің орындауында тыңдап көрелік! Күй ұрмалы аспаптардың үнімен басталады. Ұрмалы аспап аттың шабысын елестеткендей әсер қалдырады. Бұл күйді көбіне үлкен салтанатты кештерде орындайды.

Сұрақтар:

- Оркестр құрамындағы үрмелі аспаптарды ата?
- Оркестр қандай аспаптармен толықтырылады?
- Оркестр құрамына қандай ұрмалы аспаптар енеді?
- Оркестр құрамындағы аспаптар тобын айтып бер?

Тапсырма:

1. Оркестр құрамындағы аспаптар жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің үйренген буынын қайтала.

ОРКЕСТРДЕГІ ДИРИЖЕРДІҢ МІНДЕТІ



Біз оркестр құрамына кіретін көптеген аспаптармен таныстық. Халық аспаптар оркестрінің құрамында 60-70-ке жуық орындаушылар болады. Олардың басын қосып бір адамдай орындату дирижер міндеті. Дирижер музыкалық сауаты өте жоғары, әрі білімді болуы керек. Дирижер әрбір аспаптың дыбыс ерекшелігін, орындау мүмкіншілігін жетік білу қажет. Әсіресе, белгілі бір шығарманы сұлулап орындау дирижерге көп байланысты. Оркестрдегі әрбір аспаптар тобының шығарма орындау барысында қай жерінде бәсеңдетіп немесе жылдамдататынын дирижер көрсетеді. Сахнада орындалатын шығарманы әрбір орындаушыға жетік меңгертуге дирижер еңбегі зор. Олар дирижермен бірге көп дайындалады. Шығарманы толық меңгергеннен кейін сахнаға алып шығады. Осындай үлкен дирижерлық міндетті атқарған Ахмет Жұбанов еді.

Ахмет Жұбанов тек қана оркестрдің дирижері емес, оның ұйымдастырушысы әрі көркемдік жетекшісі болды. Ахмет Жұбанов өзінен кейін көптеген шәкірттер қалдырды. Сондай шәкірттерінің бірі Шамғон Қажығалиев көптеген жылдар бойы Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестріне жетекшілік етіп, оның бас дирижері болады. Шамғон



Қажығалиевпен қатар оркестірге дирижерлық еткен Алдаберген Мырзабеков болды. Алдаберген Мырзабеков Тәттімбет, Сүгір, Ықылас күйлерін оркестірге жана бояумен лайықтап түсіреді.

Күй тыңдау!

1. Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестірінің орындауында Тәттімбеттің «Саржайлау» күйі.
2. Андреев атындағы орыс халық аспаптар оркестірінің орындауында орыс халқының «Коробейники» әні.



Біліп ал!

Андреев атындағы оркестр орыстың ең алғашқы ұлт аспаптар оркестрі болды. Бұл оркестрдің құрамына орыстың балалайка, домра, баян, гусли сынды аспаптары енеді. Оркестрдің негізгі

репертуарын орыстың халық әндері мен билері құрады.

Орыстың халық аспаптар оркестірін ең алғаш құрған Василий Васильевич Андреев (1861-1918). В.В. Андреев музыка қайраткері болумен қатар балалайка аспабында өте шебер орындаушы болатын.

Ал қазіргі таңда ұлт аспаптар оркестірі әрбір халықтың мәдениетінде маңызды орын алады.

Сұрақтар:

- Дирижер міндеті не?
- Дирижер қандай болу керек?
- Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрінің алғашқы дирижері кім?
- Ахмет Жұбановтың шәкірттерін ата?

Тапсырма:

1. Оркестрдегі дирижердің міндеті жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің үйренген буынын қайтала.

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ САЗ АПАПТАРЫН ЖИНАУШЫ – БОЛАТ САРЫБАЕВ



Көптеген жылдар бойы қазақта тек қана домбыра, қобыз және сыбызға аспабы болған деп есептелді. Белгілі ғалым, зерттеуші –Болат Сарыбаевтың ізденісінің арқасында қазақтың 20-дан астам саз аспаптары қайта жаңғырып дүниеге келеді. Болат Сарыбаевқа қазақтың көне саз аспаптарын

жинауға себепкер болған атақты күйші Дина Нүрпейісова еді. Дина Болаттың бала кезінде оның музыкалық қабілетін байқап: «Болатжан балам, мына домбыраны сақтап, ойнап үйрен. Ата-бабалар мұрасына ие болатын өзіндей талапты жас ұрпақ», - деп өз домбырасын сыйға тартып кетеді.

Есейе келе Болат Сарыбаев қазақтың көне саз аспаптарын жинап зерттей бастайды. Қазақстанның түкпір-түкпіріне барып, қол өнер шеберлерімен кездесіп, көне аспаптар жайлы мәліметтер жинайды. Көптеген археологиялық қазбаларға қатысып, онда табылған саз аспаптарын қалпына келтіреді. Болат Сарыбаев қазақтың көне аспаптарын тек қана жинап зерттеп қана қойған жоқ, оларды қайта жаңғыртты, аспаптарды жетілдіре келе, тұңғыш фольклор ансамбілін құрды. Қазақта бұрын-соңды орындалмаған жетіген, шертер, шаңқобыз, сазсырнай, асатаяқ сынды көптеген аспаптар жарыққа шығады. Сөйтіп Болат Сарыбаев Динаның берген батасын ақтап, қазақтың көптеген көне саз аспаптарын қайта дүниеге келтіріп кетті.

Күй тыңдау!

Болат Сарыбаев жетекшілік еткен фольклорлық ансамбльдің орындауында халық күйі «Шалқыма».



Біліп ал!

Болат Шамғалиұлы Сарыбаев (1927-1984) – көрнекті ғалым, қазақтың көне аспаптарын жинаушы, зерттеуші. Болат Сарыбаев шаңқобыз, сыбызғы, сазсырнай, үскірік, шертер, жетіген сынды қазақтың жиырмадан аса музыкалық көне аспаптарын тауып, халық игілігіне айналдырды.

Сұрақтар:

- Болат Сарыбаев қанша көне саз аспаптарын қайта жаңғыртады?
- Болат Сарыбаевқа кім бата береді?
- Болат Сарыбаев көне аспаптарды жинауда қандай еңбек етті?

Тапсырма:

1. Қазақтың көне саз аспаптарын жинаушы – Болат Сарыбаев жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің үйренген буынын қайтала.

ҚАЗАҚТЫҢ КӨНЕ АСПАПТАРЫ – ЖЕТІГЕН ЖӘНЕ ШЕРТЕР



Жетіген аспабының қайта жаңғыруына зор үлес қосқан Болат Сарыбаев. Болат Сарыбаев ел арасынан жетіген аспабы жайлы мынадай аңыз-әңгіме жазып

алып келген болатын: «Баяғы өткен заманда бір шалдың жеті ұлы болған екен. Бір жылдары елде қатты жұт болып, шалдың жеті ұлы бірінен кейін бірі дүние сала беріпті. Қолынан келер еш шарасы жоқ әлгі шал бір кепкен ағашты астау сияқты ойып аспап жасапты. Үлкен ұлы қайтыс болған кезінде шал аттың қылынан бір ішек тағып, оған асықтан тиек жасап «қарағым» деп күй тартады. Екінші ұлы қайтыс болғаннан кейін шал аспабына екінші ішек салып «қанат сынар» деп жоқтайды. Үшінші ұлы қайтыс болған кезде үшінші ішегін тағып «құмарым» деп күй шертеді. Төртінші ұлы қайтқанда төртінші ішегін тағып «от сөнер» деп боздайды. Бесінші ұлы дүние салғаннан кейін бесінші ішегін тағып «бақыт көшті» деп күңіренеді. Алтыншы баласы көз жұмғанда алтыншы ішегін тағып «күн тұтылды» деп күйге салып зар жылайды. Ең кенже баласы дүниеден өткенде шал аспабына жетінші ішегін тағып «жеті баламнан айырылып құса болдым» деп күні-түні күй тартып күңіренеді. Сондықтан бұл аспап ел арасында «Жетіген» деп аталып кетеді. Бұл аспап қазақтарда жоғалып кеткенімен түбі бір туысқан хакас халқында сақталған. Олар бұл аспапты «Чатхан» деп атайды. Қазіргі таңда жетіген аспабының ішектері көбейіп, диапазоны көбейіп фольклор ансамбльдері мен оркестрлерінде кеңінен орын алды.

Қазақтың көне аспабының бірі - шертер. Шертер аспабы домбыраға ұқсас болғанымен, мойны қысқа болып келеді. Шанағының беті терімен



қапталған, үш ішекті аспап. Ертеде ішегін шертіп ойнағандықтан шертер деп аталып кеткен. Шертер аспапбы фольклор ансамбльдері мен оркестрлерді өзіндік бояуы бар негізгі аспаптардың біріне айналды.

Музыка тыңдау!

Жітеген аспабының орындауында «Аңшының зары» атты халық күйіне құлақ түрелік! Бұл күйді жетіген аспабының халық арасына таралуына зор үлес қосып жүрген Нұргүл Жақыпбекова орындайды.

Сұрақтар:

- Не себепті аспаптың аты жетіген аталды?
- Жетіген аспабы басқа қандай халықта сақталған?

- Шертер аспабының домбырадан айырмашылығы неде?

Тапсырма:

1. Қазақтың көне аспаптары - жетіген және шертер жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің үйренген буынын қайтала.

ФОЛЬКЛОРЛЫ-ЭТНОГРАФИЯЛЫ «ОТЫРАР САЗЫ» ОРКЕСТРІ



Болат Сарыбаев қазақтың көне аспаптарын тек қана жинап зерттеп қана қойған жоқ, оларды қайта жаңғыртты, аспаптарды жетілдіре келе, тұңғыш фольклор ансамбілін құрды. Осыдан бастап Қазақстанда көптеген фольклор ансамбльдері пайда болды. Болат Сарыбаев бұл жұмыспен шектеліп қоймай, тұңғыш құрылған «Отырар сазы» фольклоры-этнографиялы оркестрінің негізін салды. Оркестрге домбыра, қобыз түрлерімен қатар, сазсырнай, жетіген, шертер, сыбызғы, шаңқобыз аспаптары енгізілді. Әсіресе, бұрын соңды ансамбльдің құрамына енбеген мес қобызды қолдану жаңалық еді. Сонымен қатар, ұрмалы – дауылпаз, асатаяқ, қоңырау секілді аспаптарды барынша пайдаланды. Бұл істі белгілі композитор әрі дирижер Нұрғиса Тілендиев «Отырар сазы» оркестріне арнап арнайы шығармалар жазды. Әсіресе, Нұрғиса Тілендиевтің «Ата толғауы» және «Әлқисса» күйлері халықтың ең сүйіп тыңдайтын шығармаларына айналды. Сөйтіп, қазақ музыка мәдениетінде фольклорлы-этнографиялық оркестр пайда болды.



Музыка тыңдау!

Отырар сазы оркестрінің орындауында Нұрғиса Тілендиевтің «Ата толғауы» атты шығармасын тыңдап көрелік! Бұл күйде Нұрғиса Тілендиев қазақтың шаңқобыз аспабын өте шебер пайдаланған.

Сұрақтар:

- Отырар сазы» оркестірінің негізін құрған кім?
- Оркестрге қандай аспаптар енгізілді?
- «Отырар сазы» оркестірінің көркемдік жетекшісі әрі дирижері кім болды?
- Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестірі мен «Отырар сазы» оркестірінің арасында қандай айырмашылық бар?

Тапсырма:

1. Фольклорлы-этнографиялы «Отырар сазы» оркестрі жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйінің үйренген буынын қайтала.

КӨНЕ АСПАПТАРДЫҢ ЖАҢАША ЖАҢҒЫРУУЫ



Ең алғаш фольклорлық ансамбль дүниеге келгенде тыңдаушылар қайран қалады. Өйткені ансамбльде бұрын-соңды музыкалық аспаптарға жатпайтын аспаптардың үнін естуге болатын. Мысалы сазсырнай мен үскірікті ерте заманда балалардың ойыншығы ретінде қолданған екен. Олар құстардың дыбысын еліктей алатын алданыш зат. Ал асатаяқ болса бақсылардың жын-шайтандарды қашыру үшін қолданған аспабы болған. Дауылпаз еш уақытта музыкалық аспап болып есептелмеген. Оны ердің төменгі жағына байлаған. Жауға қарсы

шапқанда ат дүбіріне қоса дауылпазды аяқпен ұрып отырып жаудың зәресін ұшыру үшін қолданған. Сонымен бірге аңшылық кезінде аң-құстарды үркіту үшін де пайдаланған. Ал дабыл аспабымен адамдар бір-біріне хабар беріп отырған. Қазақта жетіген аспабы мүлде сақталмаған. Бірақ бұл аспап жайлы халық аузында көне аңыз-әңгімелер қалған екен.

Фольклорлық ансамбльде барлық аспаптар өз орнын табады. Мысалы, сазсырнай аспабында ән-әуендерді орындау үшін оның жаңаша түрін жасап шығарады. Ал дауылпаз бен дабылдың көлемін кішірейтіп, оны ою-өрнекпен әшекейлеп ансамбльде орындауға лайықты етіп жасайды. Сөйтіп бұл аспаптармен қазақтың барлық күйлерін емін еркін ойнай алатын деңгейге жеткізеді.

Фольклорлық ансамбльдердің дамып жаңғыруына «Сазген» және «Мұрагер» ансамбльдері көп еңбек сіңіреді. Бұл ансамбльдер тек қана қазақтың көне саз аспаптарының негізінде құрылған болатын. «Мұрагер» ансамбілі қазақтың ұмыт болған күйлері мен әндерін көне саз аспаптарында орындады.

Ең алғашқы фольклорлық ансамбль 30 жыл бұрын дүниеге келген болатын. Есінде болар, ол ансамбльді құрған Болат Сарыбаев еді. Ал қазіргі таңда фольклорлық ансамбльдер қатары көбейуде. Қазақтың көне аспаптары жаңаша жаңғырып, ал көне күйлеріміз бен халық әндеріміз өткен мен бүгінді жалғастырумен келеді.

Күй тыңдау!

Дәулеткерейдің «Көрұғлы» күйін тыңдап көрелік! Көрұғлы – көрде туғандықтан оның атын Көрұғлы қояды. Ол алып батыр болып өседі. Ол өзінің жерін

жаудан қорғап, халқын аман сақтап қалады. Дәулеткерей өзінің «Көрұғлы» күйінде батырдың осындай ерлігін бейнелегендей жігерлі де - шабытты күй шығарады. Бұл күйді «Мұрагер» ансамблі ерекше көңіл-күй беріп орындайды. Әсіресе, ұрмалы аспаптарды күйдің мазмұнына сай аттың шабысын немесе соғыстың талас-тартысын бейнелегендей орынды қолдана алуы ансамбльдің өзіндік ерекшелігін айқындай түседі.

Ойлан да айт?

Не себепті ерте заманда қазақ халқында оркестр мен ансамбльдер болмаған?

Сұрақтар:

- Ерте заманда көптеген музыкалық аспаптарды қалай пайдаланған?
- Қазақтың тұңғыш фольклорлық ансамблін құрған кім?
- Қазақстанда басқа қандай фольклорлық ансамбльдер болды?

Тапсырма:

1. Көне аспаптардың жаңаша жаңғыруы жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Қазанғаптың «Шынаяқ тастар» күйін жатқа орында.

ӨЗ БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Алғашқы ұлт аспаптар оркестрін құру кімнің үлесіне тиеді?
2. Құрманғазы атындағы ұлт аспаптар оркестрі қай жылы құрылды?

3. Домбыра аспабының қандай түрлері пайда болды?
4. Қобыз аспабының қандай түрлері пайда болды?
5. Оркестр құрамындағы үрмелі аспаптарды ата?
6. Оркестр құрамына қандай ұрмалы аспаптар енеді?
7. Оркестр құрамындағы аспаптар тобын айтып бер?
8. Дирижер міндеті не?
9. Болат Сарыбаев қанша көне саз аспаптарын қайта жаңғыртады?
10. Жетіген аспабы басқа қандай халықта сақталған?
11. Шертер аспабының домбырадан айырмашылығы неде?
12. «Отырар сазы» оркестірінің негізін құрған кім?
13. Құрманғазы атындағы халық аспаптар оркестірі мен «Отырар сазы» оркестірінің арасында қандай айырмашылық бар?
14. Қазақстанда басқа қандай фольклорлық ансамбльдерді білесің?

IV ТОҚСАН

МУЗЫКА БІЗДІҢ ӨМІРІМІЗДЕ

ӨМІРДІ ӘНМЕН ӨРНЕКТЕП



Халық өмірі әнмен ажарланып, өлең-сөзбен өрнектеліп жатқандай. Адам дүние есігін ашқаннан бастап, анасы баласын әлдилеп, бесік жырын айтып, еркелетумен болады. Адамдар есейе келе өмірдің әрбір кезеңіне лайық өмірін әнмен әрлеп жатады. Бозбала шағында «Ай-хай, жиырма бес» деп ән

шыркап, жастық шақтың қызықты думанын әнге» қосады. Ұзатылып бара жатқан бойжеткен қыздар «Сынсу», «Жар-жар» әнін айтып үлкен өмірге қадам басады. Қазақ халқында ерекше ән айту дәстүрі сақталған. Әсіресе, үлкен апаларымыз бен әжелеріміз күнделікті өмірде айтып отыратын әнді «қара өлен» деп атап кеткен.

Ал онан да басқа ел аузында сақталған халық әндері ұшан-теңіз. Мысалы, «Еркем-ай», «Гүлдарига», «Қалаулым», «Сәулем-ай», атай берсек, көп-ақ! Бұл әндер халық атымен аталып кеткен. Өйткені бұл әндерді шығарған адамдардың есімі белгісіз. Халық әндері ғасырлар бойы ел аузында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жетіп отырған. Халық әндері адамдардың жүрегінен орын алып, ұзақ уақыт бойы ел есінде сақталып келеді. Бұл әндер халықтың өмірімен етене араласып, өмірінен маңызды орын алған. Тіпті қазақ халқында адам өмірмен қоштасқанда да, «Жоқтау» әнін айтып шығарып салатын болған. Мұндай әндер тек қазақ халқында ғана емес, көптеген туысқан халықтарда сақталған екен. Мысалы, өзбек халқы жар-жар әнін «Яр-яр» деп атаса, қырғыз халқы бесік жырын «Бешик ыры» дейді.

Қазіргі заманда халықтық мерекелерге арналған жаңа әндермен жалғасуда. Наурыз, жаңа жыл, түрлі той-думан, Жеңіс күніне арналған әндер көп-ақ. Ал онан да басқа адамдардың бір-біріне ыстық ықыласын білдіретін жүрек жарды әндерін де атауға болады. Атап айтсақ, «Анаға», «Әжеме», «Әкеме», «Ағаларыма», «Ұстазға», «Досыма», «Мектебім» т.б. Халық аузындағы әндер заманға лайық дамып, өмірден өз орнын тауып жатады. Ән арқылы адамдар

өз сезімін, бір-біріне деген махаббатын, қайғысы мен қуанышын білдіріп жатады. Қазақ халқы «Ән - көңілдің ажары» деп бекер айтпағандай!

Ән тыңдау!

Ш.Қалдаяқов «Ана туралы жыр» әнін Нұрлан Өнербаевтың орындауында тыңдап көрелік!

Сұрақтар:

- Адам өмірінің әрбір кезеңіне арналған қандай әндерді білесің?
- Не себепті көптеген әндер халық атымен аталған?
- Қазіргі заманға лайық қандай әндерді білесің?

Тапсырма:

1. Өмірді әнмен өрнектеп тақырыбын оқып кел.
2. Домбырадан Халық әні «Құралай». Үйренген буынын қайтала.

ҚАЗАҚТЫ ТАМСАНДЫРҒАН «ГӘККУ»

Әр халықтың жүрегін тербеп, жанын жадыратар сұлу сазды әндері көп. Сондай әннің бірі халықты тамсандырған Үкілі Ыбырайдың әні «Гәкку» жайлы әңгіме қозғап көрелік.

Үкілі Ыбырай бұл әнді Кәкима атты сұлу қызға арнайды. Үкілі Ыбырай Кәкимаға ғашық болады. Бірақ ерте заманда қызға сезімін білдіру оңайға соқпайтын. Қазақтың әдеті бойынша сыпайылық сақтаған Ыбырай өзінің



көңілін білдіру үшін оған керемет ән арнайды. Өзінің сезім сырын әнмен жеткізген Үкілі Ыбырай Кәкимаға арналған ән екенін жасырып, әннің атын «Гәкку» деп атайды. Сол бойда ән

халыққа кеңінен тарап кетеді.

Ғасырдан ғасырға ұласып, уақыт тоқтамай жүріп келеді. Жаңа заманның жаңалығы да көп-ақ. Үкілі Ыбырай домбыраға қосып шарықтатып салған «Гэкку» әні енді қазақтың тұңғыш операсынан маңызды орын алады. Композитор Евгений Брусиловский жазған «Қыз Жібек» операсының бас кейіпкері Жібектің ариясы болып «Гэкку» әні таңдалады. «Гэкку» әні операдағы екі ғашық Жібек пен Төлегеннің мәңгілік махаббатының белгісі ретінде халықтың есінде сақталып қалды.

Ал қазіргі заманға танымал болған әнші Медеу Арынбаев Ыбырайдың «Гэкку» әнін эстрадалық ырғаққа салып, үлкен сахналарда орындап жүр. Сөйтіп Үкілі Ыбырайдың «Гэкку» әні өзінің сол сұлулығын жоғалтпай, ұрпақтан ұрпаққа ұласып, өзінің өмір тарихын жалғастырып келеді.

Сөздік

Аранжировка - ән мен күйге сүйемел жасап, өңдеу.

Тембр - дыбыс бояуы.

Ән тыңдау!

Үкілі Ыбырайдың «Гэкку» әнін Қайрат Байбосыновтың және Медеу Арынбаевтың орындауында тыңдап көрейік!



Біліп ал!

Қайтар Байбосынов - 1950 жылы Қарағанды облысының Жаңаарқа ауданында туып өскен.

Әкесі Әукен домбыра, қобыз жасайтын шебер болған. Алғаш домбыраға деген ынта-ықыласы әкесінен дарыған. Жастайынан әнге құмар болып өскен Қайрат Байбосынов 13 жасында-ақ әнші бала атанады. Осыдан бастап ол нағыз әншілік өнер жолына түседі. 1967 жылы Алматыға келіп белгілі әнші Жүсіпбек Елебековқа шәкірт болады.

Ал бүгінгі таңда Қайрат Байбосынов ел ағасы болып өз ізіне талай дүлдүл шәкірттерін тәрбиелеп жүрген ұлағатты ұстаз.

Ойлан да айт!

Қалай ойлайсың, не себепті кей әндер танымал болып, есте сақталып қалады, ал кей әндер бірден-ақ ұмытылып кетеді?

Қазіргі заманғы танымал әнді атап бере аласың ба?

Сұрақтар:

- Не себепті Үкілі Ыбырай өзінің әнін «Гэкку» деп атады?
- Евгений Брусиловский қандай опера жазды?
- Жібектің ариясы етіп қандай әнді таңдап алды?
- Қазіргі заманда «Гэкку» әнін кім орындап жүр?

Тапсырма:

1. Қазақты тамсандырған «Гэкку» әні жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Халық әні «Құралай». Үйренген буынын қайтала.

ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ - НАУРЫЗ



Наурыз мерекені Шығыс елдері Қазақстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Ауғанстан, Тәжікстан, Пәкстан ерте кезден өткізеді. Бұл мереке табиғат пен адамның үндестігін көрсетеді. Наурыз күн мен түннің теңелген күні. Көктемгі күн тоғысы наурыз айының 21-нен 22-не ауысқан түні болды. Осы уақыттан бастап күн ұзарып, түн қысқарады.

Наурыз - жыл басы. Парсы тілінде "нау" - "жаңа", "руз" - "күн" деген ұғымдарды білдіреді. Халық наурыз мерекесіне алдын - ала дайындалады. Дәстүр бойынша үйге қос шырақ жағылады, ыдыстар ернеуіне дейін айранмен, сүтпен немесе бұлақ суымен толтырылады. Бұл - тоқшылықтың белгісі. Табиғатпен байланыс Күн Анаға деген тағзымнан көрінеді. Бұл күні бұлақтар тазартылып, ағаштар отырғызылған.

"Бұлақ көрсең, көзін аш!", "Бір тал ексең, он тал ек!" - деген сөз осыдан шыққан болу керек.



Ұлыстың ұлы күні адамдар бір-біріне деген ренішін ұмытып өзіне де, өзгеге де жақсылық тілеген. Дастарқанның басты асы наурызкөже болған. Наурызкөже жеті түрлі тағамнан жасалған. "Наурыз көжені тойып ішу керек, сонда жыл бойы тоқшылық болады!" деген сенім бар. Дастарқан басында жастар үлкендердің батасын алған. Бата - үлкендердің өзінен жасы кішілерге беретін ықыласты тілегі. Ақсақалдар: "Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын, қайда барса жол болсын!" - деп бата береді.

Бұл мейрамды берекелі етіп тойласа үйге ырыс пен бақ келеді деп сенген. Мейрам күні қазақтар әдемі киімдерін киіп, бір-бірлеріне қонаққа барады, келер жыл ырысты болсын деп жақсы тілектер айтады. Тойлау барша қауымдық сауық-сайранмен, ойындармен, ат жарысымен және т.б. көңіл көтерушілікпен жалғасады.

Дәстүр бойынша Наурыз айтыс өткізіледі. Бұл жақсылық пен жамандықтың, суық пен жылының, жаз бен қыстың айтысы.

Наурыз мейрамында – қыз қуу, күрес, көкпар, алтыбақан т.б. сынды түрлі ұлттық ойындармен ұласып, айтыс-тартыс, ән – жырмен ажарлана түскен. «Наурыз жыры» және «Жарапазан» әндері орындалып, жиылған халық бір-біріне береке-бірлік, молшылық пен амандық-саулық тілеп ұлыстың ұлы күнімен құттықтаған.

Қазақстанда ресми түрде Наурыз 1988 жылдан бері тойланып келеді. Бұл күнде Наурыз мейрамы көп ұлтты еліміздің бірлесе тойлайтын - Достық мерекесі. Наурыз - бейбітшілік, достық, еңбек мерекесі.

Біліп ал!



Ең басты салттық тағам наурыз-көже болып саналады.

Наурыз-көже 7 түрлі тағамнан жасалуы тиіс. Бұл өмір сүру үшін маңызды 7 белгіні: су, ет, тұз, май, ұн, дәндер (күріш, жүгері немесе арпа) және сүтті білдіреді.

Қазақтар үшін 7 саны – қасиетті сандардың бірі.

Ән тыңдау!

Роза Рымбаеваның орындауында Мұқағали Мақатаевтың сөзіне жазылған, Талғат Сарыбаевтың «Наурыз-думан» әнін тыңдап көрелік!

Сұрақтар:

- Наурыз қандай ұғымды білдіреді?
- Не себепті Наурыз айын жыл басы деп есептеген?

- Наурыз мейрамының басты тағамын ата?
- Наурыз мейрамында қандай әндер орындалған?

Тапсырма:

1. Ұлыстың ұлы күні – Наурыз жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Халық әні «Құралай». Үйренген буынын қайтала.

ҒАРЫШТА ШЫРҚАЛҒАН ӘН



XX ғасырдағы ең биік техникалық жетістік - ғарыштық кемелер. Ал қазақ халқы үшін зор мақтаныш болған Тоқтар Әубәкіров пен Талғат Мұсабаевтың ғарышқа ұшуы еді.

Талғат Мұсабаев ғарыштан теледидар арқылы жермен байланысқа шыққан уақытта бүкіл қазақ халқы көз алмай қарап отырды. Қазақ халқы ғарышқа ұшып батыр болған Талғат Мұсабаевтан бір ауыз сөз күтіп ынтығумен болады. Сол уақытта Талғат Мұсабаев Абайдың атақты «Көзімнің қарасы» атты әнін шырқап жібергенде, көзіне жас алмаған қазақ қалмаған болар. Қазақтың әнін ғарышта шырқаған Талғат Мұсабаев өзінің жеріне, халқына деген

сүйіспеншілігін Абайдың осы әні арқылы жеткізген еді. Талғат Мұсабаев бұл әнді айтқанда әр қазақ теледидар алдында отырып бірге қосылып айтумен болды. Абайдың бұл әні ғарыштан айтылғанда, бүкіл жер бетіндегі әрбір адамға ыстық ықыласын білдіріп жатқандай сезілді.

Сөйтіп Абайдың «Көзімнің қарасы» атты әні жер бетіндегі миллиондаған халықтың басын қосып, сезімін тербеп, ән шырқатты. Тек қана қазақ халқы емес, Талғат Мұсабаевтың ғарыштан шырқаған әні арқылы оның ыстық ықыласын сезіп, оған барлық ел ризашылық білдірді.

Ән тыңдау!

Абайдың «Көзімнің қарасы» әні аспанға әуелеп ұшып, өзінің салмақты да сазды әуенімен адамның өн бойын баурап алады. Сұлу сазды бұл ән ақынның бар жан сезімін ақтарғандай. Әнде жүректің мұңы мен көңілдің терең толғанысы сезіледі.

«Көзімнің қарасы» әнінің екпіні жай, кең тынысты минорлы ладта жазылған. Бұл ән халықтың ең сүйікті әндерінің бірі болып саналады. Абайдың «Көзімнің қарасы» әнін Әлібек Дінішевтің орындауында тыңдап көрелік!



Сөздік

Минор - қайғылы, мұңды көңілді бейнелейтін әуен.

Біліп ал!

Қазақ халқының мәдени тарихында **Абай Құнанбаевтың** (1845-1904)

алатын орны ерекше. Ағартушы-ақын, жаңашыл композитордың бір басына осындай сирек дарын қонған. Жастайынан халқының әндері мен күйлерін сүйіп өскен Абай өзі де көптеген терең ойлы, сырлы сазды әндерді жазып қалдырды. Атап айтсақ, «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің карасы», «Айттым сәлем, қаламқас», «Сегіз аяқ» т.б.

Ойлан да айт!

Қазақстанда ғарыш кемелері қай жерден ұшырылады?

Сұрақтар:

- Қазақтың алғашқы ғарышкерлерін ата.
- Ғарышта қазақтың қандай әні шырқалды?
- Ол әнді кім орындайды?
- Абайдың қандай әндерін білесің?

Тапсырма:

1. Ғарышта шырқалған ән жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Халық әні «Құралай». Бастапқы буынын қайтала.

ҚАЗАҚСТАН – ЫНТЫМАҚ ПЕН ДОСТЫҚТЫҢ МЕКЕНІ

«Бірлік бар жерде - тірлік бар» дейді біздің халық. Дана жұрт мұны тегіннен-тегін айта салмаса керек. Қазақ қашаннан да бауырмал халық қой. Әр кезеңдерде елімізден пана іздеп келген "жат жұрттардың" бәрін бауырына басып, төрінен орын беріп, қандай қиын кезеңдердің өзінде бір үзім нанды бөліп жеді. Сөйтіп, қазақ жері көпұлтты мемлекет болып шыға келді. Бүгін елімізде 136 ұлт пен ұлыстың

өкілдері бір тудың астында тату-тәтті ғұмыр кешіп жатыр.

1 мамыр Қазақстан халқының бірлігі күні - көптеген ұлттардың татулықтың туы астында бірігіп, қуана қарсы алатын үлкен мерекелі күніне айналды. Бұл күні қасиетті жерімізді мекен еткен сан түрлі ұлттар өз өнері мен салт – дәстүрлерін паш етіп мәзмейрам болып жатады. Үлкен алаңдар мен саябақтарда, мәдениет сарайлары мен достық үйлерінде ұлан-асыр мерекелік шаралармен жарасым табады. Қазақ, орыс, украин, неміс, корей, өзбек, ұйғыр, түрік т.б. сынды халықтар ұлттық киімдерімен сәнденіп, ән айтып, би билеп жиылған жұртты таң-тамашаға бөлейді. Мерекеді әрбір ұлт ертеден жеткен



қолөнер бұйымдары мен ұлттық тағамдарын ұсынып, түрлі спорт ойындарын өткізеді.

Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, іргелі мемлекетке айналып ілгері басып келеді.

Ән тыңдау!

Роза Бағланованың орындауында орыстың халық әні «Ах, Самара городокты» тыңдап **көрелік!**

Біліп ал!

Қазақтың бұлбұл әншісі Роза Бағланова 1941 жылдың тамыз айынан басталған Ұлы Отан соғысына аттанып, қан майданда ән айтып жауынгерлердің рухын көтерді. Роза Бағланова ән айтып қана қоймай, соғыста жараланған жауынгерлерге



демеу де бола білді. Соғыс аяқталғанша жауынгерлермен майданда бірге жүрген Роза апай 1945 жылы Берлинде қол жеткізген жеңіс шеруінде ән шырқайды. Роза Бағланова көптеген елдерді көзімен көріп, сол елдердің өнері мен мәдениетін танып, өз жанына жақын әндерін үйрене жүреді. Сөйтіп Роза Бағланова әлем халықтарының әндерін нақышына келтіріп орындай алатын шебер әншіге айналады. Роза апайдың ән қоржынында – қазақ, орыс, өзбек, тәжік, украин, грузин, әзірбайжан, қырғыз, корей, поляк, венгр, қытай, монғол және үндінің халық әндері кеңінен орын алған.

Сұрақтар:

- Сенің ауылыңда 1-мамыр мерекесі қалай тойланады?
- Мектебінде би үйірмесі бар ма? Қай халықтың биін билегенді ұнатасың?

Тапсырма:

1. Қазақстан – ынтымақ пен достықтың мекені тақырыбын оқып кел.

2. Домбырадан Халық әні «Құралай». Үйренген буынын қайтала.

ЖАҢҒЫРҒАН ӨНЕР



Халық әндері мен күйлері ғасырлар өте келе жаңа заманға лайық жаңаша жаңғырып келеді. Дәстүрлі ән мен күйдің классикалық үлгісін жасаған халық композиторларының шығармалары бүгінгі заманның жаңа туындыларына негіз болды. XX ғасырдың жаңалығы болған оркестрлер мен ансамбльдердің орындауындағы әндер мен күйлер дүниені дүр сілкіндірді. Ал, XXI ғасырдың дүлеу ағымына ілесе кеткен дәстүрлі өнеріміз бұл күнде әлем халықтарын таңдандырып келеді. Негізі берік шынайы өнердің өміршең болуы заңдылық! Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасқан аталы дәстүр бүгінгі заманның да қамын

ойлағандай өзінің ұзақ сонар сапарын жалғастырып алып барады.

Ғасырдың соңғы ширегінде еуропаның классикалық аспаптарының репертуарында және эстрада жанрында халық әндері мен күйлері кеңінен орын алады. Тіпті ұлттық музыканы орындау дәстүрге айналып, орындаушылар болса халықтың үлкен ықыласына бөлене бастайды.

Дәстүрлі өнеріміз жаңа заманның ақпараттық ағымына оп-оңай ілесе кетеді. Мысалы, Тәттімбеттің «Сарыжайлау» күйін скрипка аспабында тамаша рең беріп орындаған Жәмилә Серкебаева болды. Күйдің сұлу сазды иірімі скрипка аспабының дыбысымен бірден-ақ үйлесе кетеді. Ал, эстрада жанрында кеңінен орын алған Құрманғазының «Адай», Дәулеткерейдің «Көрғұлы», Махамбеттің «Жұмыр Қылыш», Қазанғаптың «Көкіл» сынды күйлері бүгінгі заманға лайық жаңаша қырын ашқандай болды.



Ал, елімізге аса танымал «Досмұқасан» ансамбілі көптеген халық әндерін халық арасына кеңінен таралуына зор үлес қосады. Әсіресе, халық әндері «Құдаша», «Ауылың сенің іргелі», Ақан серінің «Ләйлімін» орындап халықтың ықыласы мен құрметіне бөленеді. Осылайша эстрада жанрында халық әндерін орындау дәстүрге айналады. Роза Рымбаева, Мақпал Жүнісова, Мәдина Ералиева сынды халықтың сүйікті әншілері бұл дәстүрді жалғастыра түседі. Бүгінгі күнде жас орындаушылар халық әндері мен терме-толғауларын жас ұрпақтың танымы мен талғамына сай жүрек түкпіріне жеткізе білді.

Дәстүрлі өнер мәңгі өшпестей ғасырдан ғасырға ұласып, жарасымды жалғастығын тауып, жаңаша жаңғыруын тоқтатар емес!

Ән тыңдау!

«Досмұқасан» ансамбілінің орындауында Ақан серінің әні «Ләйлім шырақ» әнін тыңдап көрелік!

Біліп ал!

Қазақтың эстрада жанрының қалыптасуының көш басында тұрған Рабиға Есімжанова, Жамал Омарова, Роза Бағланова, Суат Әбусейітов, Нұрғали Нүсіпжанов сынды әйгілі әншілерді атаймыз. Ал, халық әндерін классикалық үлгіде орындаған әйгілі опера әншілерінің қатарында Ермек Серкебаев, Бибігүл Төлегенова, Әлібек Дінішев болды. Әсіресе, Ермек Серкебаевтың «Япыр-ай», Бибігүл Төлегенованың «Гаухар тас» сияқты халық әндері мен Әлібек Дінишовтың орындауындағы Абайдың «Көзімнің қарасы» әні қазақтың классикалық музыка өнеріндегі айшықты туындыларға айналып отыр.

Сұрақтар:

- Эстрада жанрында кеңінен орын алған күйлерді ата?
- «Досмұқасан» ансамбілінің орындауында қандай әндер танымал болды?
- Халық әндерін насихаттауда зор үлес қандай әншілерді білесің?

Тапсырма:

1. Жаңғырған өнер жайлы оқып кел.
2. Домбырадан Халық әні «Құралай». Үйренген буынын қайтала.

ЕЛІМ МЕНІҢ



Туған елдей ел болмас, туған жердей жер болмас деп қазақ халқы ғасырлар бойы елі мен жерін жаудан қорғап, ұрпақтан-ұрпаққа мирас етті. Ел аузында аңыз болып сақталған мына бір әңгіме желісіне құлақ түрейік!

Ерте замандарда елді бір ақылды хан басқарыпты. Көрші қытай елімен тату тұрыпты. Күндердің күнінде көрші елден атой салып елші келіпті. «Уа, алдияр, көрші қытай: «Егер менімен тату болам десе ең жүйрік атын берсін!» - деп талап қойып отыр - дейді. Өз елінің тыныштығын, екі елдің бірлігін қалаған хан, көп жүйріктің ішінен дүлдүлін таңдап береді. Бірақ, ханның бұл шешіміне билер ренжиді. Сонда хан: «Ел бірлігі жолында, бір жүйрікті қидым. Еліміз тыныш болса, бір жүйріктің орнына, жүз жүйрік келер» - деген екен. Арада біраз уақыт өткен соң көрші елден тағы елші келіп: «Уа, алдияр қытай елі менімен тату болам десе, сүйген жарын берсін» - дейді. Бұл хабарға хан көп ойланып-толғанады. Өз елінің тыныштығын ойлаған хан ақыры елшінің қойған бұл талабын да орындайды. Ханның бұл шешіміне ел ішіндегі билер тағы наразы болады. Бірақ хан: «Егер елмен елдің арасы тыныш болса, жүйрік ат пен сұлу жар да табылар» деген екен. Уақыт зымырап өтіп жатады. Бір күні көрші елден суық хабар тағы келіп жетеді. «Уа, алдияр, көрші хан, егер ел тыныштығын қаласа, қасиетті туып-өскен жерінің бір бөлігін кесіп берсін» дейді. Мұндай сұмдықты естіген хан ашуға мінеді. Бұл қорлыққа шыдамаған хан ойланбастан шешім айтады. «Халқым менің! Қасиетті туған жердің топырағын қорғау үшін көрші елге соғыс ашамын!» деп жарлық береді. Бұл жарлықты естіген билер «Ұлы әміршім, көрші хан жүйрігің мен жарыңды сұрағанда, ойланбастан беріп едің. Елдің тыныштығын бұзып соғыс ашқаның қалай?» дейді. Сонда хан: «Қасиетті жер - ата-бабаларымыздың кіндік қаны тамған жер. Найзаның ұшымен, білектің күшімен қорғаған халықтың жері. Қасиетті туған жерімнің бір бөлігін

басқа елге бергенше, жерімді қорғап өлгенім артық» деген екен. Сөйтіп туған жерді, ел-халықты жаудан қорғап тыныштық орнатқан екен.

Балалар, ата-бабаларымыз ұрпағын ойлап халқына мирас еткен туған жеріміз біз үшін қасиетті де қадірлі. Ғасырлар бойы аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, егемен ел болып мәртебеміз асқақтады. Барлық қазақ баласы көк тудың астына жиылып, бірлігіміз жарасқан елге айналдық. Халқымыздың туған елге, жерге деген сүйіспеншілігі ән мен жыр арқылы кеңінен тарады. Туған жерімізді, туып өскен елімізді жыр еткен, халқымыздың ән ұранына айналған Ш.Қалдаяқовтың «Менің Қазақстаным», Е.Хасанғалиевтың «Атамекен», Н.Тілендиевтың «Өз елім», Б.Тілеухан «Елім менің» Б.Тәжібаев «Туған жер» т.б. көптеген әндер ел ішіне кеңінен тарап, рухын асқақтатты.

Ән тыңдау!

Н.Назарбаевтың сөзіне жазылған Б.Тілеухановтың әні «Елім менің».

Біліп ал!



Бекболат Қанайұлы Тілеухан 1966 жылы Қарағанды облысы, Жаңаарқа ауданында дүниеге келген. Бекболат атақты жезтаңдай әншілеріміз Жәнібек Кәрменов пен Қайрат Байбосыновтан дәріс алған. Ол Арқа әндерін шебер орындаумен қатар, ұмыт болған қобызбен жырлау дәстүрінің қайта жаңғыруына зор үлес қосты. Ақтамберді, Қазтуған, Доспамбет

жырларын қобызға қосып, халыққа қайта табыс етті.
Бекболат - Қазақстанның еңбек сіңірген артисі.

Ойлан да айт!

Отан деген ұғымды қалай түсінесің?

Сұрақтар:

- Не себепті хан көрші елге соғыс ашады?
- Туған ел мен жерге арналған қандай әндерді білесің?

Тапсырма:

1. Елім менің тақырыбын оқып кел.
2. Домбырадан Халық әні «Құралай». Жатқа орында.

ӨЗ БІЛІМІҢДІ ТЕКСЕР!

1. Туған ел мен жерге арналған қандай әндерді білесің?
2. Наурыз қандай ұғымды білдіреді?
3. Наурыз мейрамының басты тағамын ата?
4. Наурыз мейрамында қандай әндер орындалған?
5. «Досмұқасан» ансамблінің орындауында қандай әндер танымал болды?
6. Не себепті көптеген әндер халық атымен аталған?
7. Қазақтың алғашқы ғарышкерлерін ата.
8. Ғарышта қазақтың қандай әні шырқалды?
9. Абайдың қандай әндерін білесің?
10. Не себепті Үкілі Ыбырай өзінің әнін «Гэкку» деп атады?
11. Евгений Брусиловский қандай опера жазды?
12. Қазіргі заманға лайық қандай әндерді білесің?
13. Қазіргі заманда «Гэкку» әнін кім орындап жүр?
14. Отан Отан деген ұғымды қалай түсінесің?

Сұрақтар:

- Не себепті хан көрші елге соғыс ашады?
- Туған ел мен жерге арналған қандай әндерді білесің?

Тапсырма:

3. Елім менің тақырыбын оқып кел.
4. Домбырадан Халық әні «Құралай». Жатқа орында.

ҚОРЫТЫНДЫ СҰРАҚТАР

Мына суретте кімдер бейнеленген?



Музыкалық аспаптарды ата:



МАЗМҰНЫ

Бағдарлама мазмұны

2

I ТОҚСАН. Ұлы ұстаздар көші

Күй дәстүрінің шежірешісі – Қали	
Жантілеуов.....	4
Ән өнерінің кереметін паш еткен – Манарбек	
Ержанов.....	7
Әншілік өнердің хас шебері - Жүсіпбек	
Елебеков.....	10
Қара қобызды сарнатқан – Жаппас Қаламбаев.....	12
Әнін көкке қалықтатқан - Ғарифолла	
Құрманғалиев.....	15
Күй аңызын ардақтай жеткізген - күйші Дәулет	
Мықтыбаев.....	18
Ұстазды ұлы тұтқан – күйші Төлеген	
Момбеков.....	21

II ТОҚСАН. Түркі халықтарының көне музыкалық аспаптары

Көнеден жеткен	
аспап.....	25
Әлемді таң қалдырған	
шаңқобыз.....	27
Башқұрт халқының мақтанышы болған қурай	
аспабы.....	31
Аспапмен тілдескен музыка құдіреті	33
Киелі аспап.....	36
Көнеден жеткен күй.....	39

Түркі халықтарындағы үрмелі және ұрмалы аспаптар тобы.....	41
--	----

III ТОҚСАН. Қазақ халық аспаптарының жаңа өмірі.

Халық аспаптар оркестрі қалай құрылды?.....	46
Домбыра мен қобыздың түрленуі	48
Оркестр құрамындағы аспаптар.....	52
Оркестрдегі дирижердің міндеті.....	54
Қазақтың көне саз аспаптарын жинаушы – Болат Сарыбаев.....	56
Қазақтың көне аспаптары - жетіген және шертер.....	58
Фольклорлы-этнографиялы «Отырар сазы» оркестрі.....	60
Көне аспаптардың жаңаша жаңғыруы.....	62

IV ТОҚСАН. Музыка біздің өмірімізде

Өмірді әнмен өрнектеп.....	64
Қазақты тамсандырған «Гэкку».....	66
Ұлыстың ұлы күні.....	68
Ғарышта шырқалған ән	70
Қазақстан – ынтымақ пен достықтың мекені	71
Жаңғырған өнер.....	73

Елім менің.....

